



23 желтоқсан, бейсенбі 2021 жыл

www.facebook.com/syrboyi_kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Көлік қатынасының жаңа көкжиегі




6 Олжасы озық оңтүстік



11 Мәртебең қалай қазақ полициясы?



12 Зерделі зерттеу



● ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ САНКТ-ПЕТЕРБУРГКЕ САПАРЫ

«28 желтоқсанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне қатысу үшін Санкт-Петербургке жұмыс сапарымен барады» деп хабарлайды ҚазАқпарат Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәлиге сілтеме жасап.

«ТМД басшыларының Жаңа жыл қарсаңында өткізетін осындай форматтағы кездесуі дәстүрге айналды. Жыын барысында Достастық аясында атқарылған бірлескен жұмыстардың қорытындылары, қолжасты ықпалдылығы дамытудың перспективалары және Ұйым қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар халықаралық және аймақтық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылады деп жоспарлануда» деп жазды Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында.

● ПАРЛАМЕНТ

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге арналған «дөңгелек үстел» ұйымдастырды. Құжат ішкі көші-қон, шекара маңындағы аумақтарды дамыту және қандастарды қоныстандыруды қамтамасыз ету мәселелерін реттеуге бағытталған.

Комитет төрағасы Мұрат Бактиярұлы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігін атап өткенін еске салды.

«Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасы қазіргі және келіңкі ішкі және сыртқы сынақтарға жауап беруге тиіс. Экономикалық даму, ішкі көші-қоншылар үшін лайықты жұмыс орындарын құру, гендерлік теңдік, көші-қоншылардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ, еңбек көші-қоны, адамдар трафиігі және «білікті жастардың шетелге кетуі» мәселелерін шешу, әзірленетін тұжырымдама басымдықтарының қатарында болуға тиіс. Жаңа тұжырымдама еліміздің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық көрсеткіштерінде оң нәтиже көк жеткізуге, сондай-ақ көші-қоншылар мен олардың отбасыларының құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі деп санаймын» – деп атап өтті Мұрат Бактиярұлы.

«Дөңгелек үстелде» қатысушылар құжаттың стратегиялық бағытына, жаңа Тұжырымдама әзірлеу бойынша жұмыс тобын құруға және өзге де мәселелерге қатысты бірқатар маңызды тақырыптарды талқылады. Сарапшылар жұмысқа орналастыру, әлеуметтік сақтандыру және еңбек құқықтарын қорғау үшін мүмкіндіктерді кеңейтудің, сондай-ақ еңбек нарығына қатысушылардың ел ішінде де, шетелде де жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен шарттары туралы хабарлар болуын арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шөпкенов, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің директоры Дархан Ділманов және тағы басқалар баяндама жасады. «Дөңгелек үстел» жұмысына мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің және «Отандастар қоры» КЕАҚ өкілдері де қатысты.

● ҮКІМЕТ

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ҚАНДАЙ ТАРИХИ ҚАЛАЛАР ЕНУІ МҮМКІН?

Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан тарихи-мәдени ескерткіштерін Дүниежүзілік мұралар тізіміне кіргізу үшін бірлескен әрекет жүріп жатыр. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова айтты деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Қазіргі уақытта Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерімен бірлесіп, Қазақстанның бірегей тарихи және мәдени ескерткіштерін Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу үшін «Ұлы Жібек жолы-Ферғана-Сырдария дәлізі» атты трансұлттық номинациясын ілгерілету бойынша номинациялық құжаттаманы дайындау жұмыстары жүріп жатыр», – деп атап өтті министр орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Министрдің сөзіне қарағанда, аталған құжат қабылданса, Қазақстан аумағындағы 6 ірі нысан осы тізімге қосылуы керек. «Қазақстан аумағына Сауран, Жетіасар, Жанкент, Сығанақ, Отырар, Күлтебеге-Яссы сияқты объектілер кіреді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы аясында да 20 іс-шара өтті», – деп толықтырды Ақтоты Райымқұлова.

● ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА – 35 ЖЫЛ

АЗАПТЫ АЛАҢДА АЗАТТЫҚ АЛАУЫ ЖАҒЫЛҒАН

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деген болатын.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Сыр елінде Желтоқсан оқиғасына қатысқан 142 адам бар. Жыл басынан бері мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам институттарының бастамасымен желтоқсаншыларға лайықты құрмет көрсету мақсатында 100-ге жуық іс-шара ұйымдастырылған. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова желтоқсаншылармен кездесті. Тәуелсіздік құндылықтары мен тарихи оқиғаның тағылымы төңірегінде пікір алмасты. Сондай-ақ, кеше «Тағзым» алаңында Желтоқсан оқиғасы құрбандарының құрметіне қойылған ескерткіш-белгі ашылды.

Облыс әкімдігінде өткен кездесуге облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, белсенді желтоқсаншылар Аманбай Қанетов, Аскарбай Бекбосынов, Ерлан Бисембаев және облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов қатысты.

Аймақ басшысы Тәуелсіздік үшін күрескен азаматтарға алғыс білдіріп, олардың рухты іс-әрекеттерін жастарға өнеге ету – басты баршаға ортақ парыз екенін жеткізді.

– Еліміз тәуелсіздік алған тұста, оқиға салдарынан зардап шеккен азаматтарды ақтау мақсатында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданып, желтоқсаншыларымыз толық ақталды. Тәуелсіздіктің бастауы болған Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы уақыт өткен сайын тереңдей түспек. Сіздердің ерлік істеріңіз халық жадында мәңгілік сақталады, – деді облыс әкімі. Жиында Желтоқсан оқиғасына

қатысушылар – Аманбай Қанетов, Аскарбай Бекбосынов және Ерлан Бисембаев сөз сөйледі.

Сондай-ақ, кеше «Тағзым» алаңында ескерткіш белгінің ашылу салтанатына жиналған қауым алдымен сол оқиғада жанын қиған қазақ жастарының ерлігін бір минут үнсіздікпен еске алды. Аймақ басшысы 35 жыл бұрынғы оқиғаның тарихи маңызына тоқталды.

– Осыдан 35 жыл бұрын, 1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматының Орталық алаңына жиналған қазақ жастары тоталитарлық әміршіл жүйенің ұстанымына қарсы шықты. Жастардың талап-тілегін ескермеген Кеңестік саясат оларды басып-жаншып, ату жазасына кесіп, түрмеге тоғытқаны әрқайсысымыздың жалымызда әлі жаңғырып тұр. Ұлттық еркіндікті анаған, өзін-өзі билеу құқын талап еткен жастарды ондаған өрт сөндіргіш машиналар аязды күні лафетті ұңғыдан су шашып құды. Арнайы жасақ саперлік күрекпен ұрып, итке талатып жазалады. Осындай жантүршігерлік әрекеттер жастарымыздың жанын да, тәнін де жаралады. Ол оқиға 1987 жылы Кеңестер Одағы Коммунистер партиясы Орталық комитетінің қаулысымен «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» ретінде бағаланып, алаңға барған өрімдей жастар қудаланды. Оқудан шығарылды, жұмыс орнынан аластатылды. Десек те, Желтоқсан көтерілісі қоғамның саяси өмірін демократияландыруға серпін берді. Осы оқиғадан соң Кеңес Одағының әр жерінде демократиялық қозғалыстар біртіндеп орын алып, оның ақыры Кеңестер Одағының құлдырап, республикалар тәуелсіздігін жариялаған тарихи қадамға ұласты. Сол кезде алаңға шыққан жастардың арасынан Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Қайрат



Суретті түсірген Б.ЕСКАНОВ

Рысқұлбеков есімдері ерліктің символы болып, күллі Қазақ даласына таралды. Желтоқсан оқиғасы тереңде бұғып жатқан тәуелсіздігіміздің алтын тінін тартып шығарды. Сол жолда мыңдаған қазақ жастары азап көшіп жүріп, азаттық алауын жақты. Бұл көтерілісті бүгін халық ардақтап, тарих мойындады, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Желтоқсан оқиғасы туралы өте мағыналы ой тастағанын, олардың азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек екеніне тарихи баға бергенін атап өтті.

– Биыл біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойын атап өте отырып, осыдан 35 жыл бұрын егемен ел болуымызға жол ашқан

● БӘРЕКЕЛДІ!

Мөлдірдің және бір жеңісі

Қызылордалық Мөлдір Жаңбырбай қаратәден өткен Азия чемпионатында алтыннан алқа тақты.

Айта кетсек, құрлықтық дола 18-22 желтоқсан күндері Алматы қаласында өткізілді. Сайыс барысында жерлесіміз сәтті ойын көрсетті. Қарсыластарының барлығын қапы қалдырып, жеңімпаз тұғырынан көрінді.

Қызылордалық спортшы 50 келі салмақта алғашқы жекпе-жегінде Тайваньнан келген бәсекелесін 2:0 есебімен тізе бүктірді. Одан кейін таиландтық қарсыласының 9:2 есебімен осал тұсын тапты. Жартылай финалда ирандық қаратәші де қарсы тұра алған жоқ, кездесу 7:5 есебімен аяқталды. Финалда Мөлдір филиппиндік Джун Цукті жеңіп, жеңімпаз тұғырынан көрінді.

Мөлдір Жаңбырбай 1997 жылдың 18 мамырында дүниеге келген. Ол – қаратә-долан ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бірнеше дүркін ҚР чемпионаттарының, спартакиадардың, халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Жас ерекшелігіне қарай 3 дүркін Азия және 3 дүркін Әлем чемпионы, Әлем кубогының иегері атанды.

2020 жылғы Токио олимпиадасында ел намысын абыроймен қорғады. Топтық кезеңде бес спортшының арасында үздік үштіктен көрінді.

«СБ» ақпарат

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында Қызылорда қаласындағы жаңа байдарка және каноэ есу базасы жұмысын бастады. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова нысан жұмысын көрді.

Спорттық нысан жұмысын бастады



Онда бапкер, аға жаттықтырушы Мухитдин Мейірбеков байдарка және каноэ есу бойынша жастарды даярлау ісіне қатысты негізгі ерекшеліктерді айтып өтті. Аймақ басшысы жастармен

әк, қайық сақтау қоймасы мен жазғы оқу-жаттығу процесін жүргізетін су аумағы орналасқан. Мұнда 80 баланы спортпен шұғылдандыруға жағдай жасалған. Ал, жаңа нысан арқылы 15 маман жұмыс көзін тапты.

Атап өту керек, Қызылордада байдарка және каноэ есу спорты 2012 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Қазіргі таңда аталған спорт түрімен өңірдің спорт мекемелерінде 4 жаттықтырушы 56 спортшымен тұрақты жұмыс жасайды. 9 жыл ішінде өңірде 4 ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 8 ҚР спорт шебері, 4 ҚР спорт шеберіне кандидат спортшылар дайындалды. Олардың қатарында Мерей Медетов, Қожахмет Алытбек, Гүлжайна Тыныбекова, Бахрәдин Диас, Диана Үлербасева бар.

Биыл облыс спортшылары ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 90 медальді қоржынға салған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде 2156 баланы қамтитын мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыру биылғы 212 млн теңгеден келесі жылы 4312 бала үшін 638 млн теңгеге ұлғайтылмақ.

Мұнан соң облыс әкімі Баймұрат Батыр ауылында орналасқан психикалық денсаулық орталығына қарасты «Наркологиялық стационарды» жұмысымен танысып, оналту және серуендеу алаңын көрді.

Стационар осы жылы қайта жаңғыртудан өткен. Емдеу мекемесінде 170 тосек-орын бар. Науқастарға наркологиялық көмек, медициналық оналту, жалпы терапиялық, зертханалық диагностика және т.б. медициналық көмек көрсетіледі. Мұнда 90-ға жуық маман азаматтарға емдеу процесін жүргізеді.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жаңа жобалар пысықталды



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен өткен инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі өңірлік кеңесте жаңа 2 жоба қаралды.

Кенеске облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілепшев, аппарат басшысы Ерлан Райғанов, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, салалық басқарма мен департамент басшылары, қаржы ұйымдары мен кәсіпорын директорлары қатысты. «New Castle Rock» серіктестігінің директоры Бақтияр Сыздықов «Кварц құмын байыту комбинация» жобасын таныстырды. Облыс орталығында салынатын комбинат жылына 70 мың тонна кварц концентратын шығарып, 150 адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндігі бар. Өнімнің 50%-і ішкі нарыққа ұсынылса, 50%-і экспортқа шығарылады. Жобаны

жүзеге асыру мерзімі – 2022-2023 жылдар. Қазіргі таңда Индустрияландыру картасына енгізу үшін тиісті құжаттар әзірленуде.

Сондай-ақ, кеңес мүшелерінің қарауына «Шынғыс LTD» серіктестігінің өндірістік директоры Ерік Жүнісов «Құрылыс бұйымдарын шығаруды ұйымдастыру» жобасын ұсынды. Жоба аясында Қызылорда жылу орталығының өндірістік қалдығы, яғни 50 жылдан бері жиналған құл қалдығынан құрылыс өнімдері (шлакоблок, брусчатка, бордюр) шығару көзделген. Өндірістік нысан тәулігіне 2400 дана өнім шығаруға қауқарлы, жоба толық пайдалануға

берілгеннен кейін 35 адам жұмыспен қамтылады. Өндіріс 2023 жылы іске қосылмақ.

Облыс әкімі аталған екі өндірістің өңдеу өнеркәсібіне және экспортқа бағытталғанын атап өтті және жоба бастамашыларына жаңа өнім шығаруға қажетті ұсыныстарды енгізіп, жобадан көзделген шарттарды әлі де зерделеп шығу қажеттігін еске салды.

Сондай-ақ, жауапты басқармаларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын қарастырып, жобаларды Өңірлік үйлестіру Кеңесінің қарауына шығарып, Картаға енгізу бойынша тиісті жұмыстар атқаруды және мемлекеттік қолдау шарасы ретінде тиісті мекемені бірлесіп жер телімін бөлу мәселесін қарастыруды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚХА өкілдері марапатталды



«Достық үйінің» концерт залында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының салтанатты іс-шарасы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет елдегі халық бірлігін, этносаралық достық пен қоғамдық келісімді сақтау мен нығайтуды ерекше рөл атқарған Қазақстан халқы ассамблеясының маңыздылығын атап өтті.

– Тәуелсіздікті, елдегі татулық пен келісімді күшейтуде Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі айрықша екенін атап өту керек. Бүгінде консультативті ғана емес, Конституциялық органға айналған Ассамблеяның жоғары заң шығарушы орган – Парламентте де өкілдігі бар. Қазіргі таңда бізде 11 этномәдени бірлестік, 9 қоғамдық құрылым жұмыс жасауда. Атап айтсақ, қоғамдық келісім, аналар, медиаторлар кеңестері, ғылыми-сарапшылық

топ, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы, тағы да басқалар. Біз тәуелсіздік пен бірлікті нығайта отырып, Отанымыз – Қазақстан Республикасының табысты дамуы мен өркендеуіне қол жеткізетінімізге нық сенім білдіреміз. Тәуелсіздік туы желбірей берсін, елімізде тыныштық бейбітшілік, ұлтаралық келісім орнай берсін! – деді Серік Әбдіқалиұлы.

Облыс әкімінің орынбасары өңірдің рухани-мәдени дамуына, этносаралық бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауға қосқан үлесі үшін бірқатар азаматтарға марапаттар табысты. Атап айтқанда, облыстық неміс этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ирина Шек пен өзбек этномәдени бірлестігінің жетекшісі Кахар Дадашевке «Халық алғысы» медалі берілді.

Сондай-ақ, аналар кеңесінің төрағасы Рахима Ахметова, ғылыми-сарапшылық топ жетекшісі Айжан Оразбақов облыстық ассамблеяның «Бірлік» медалімен, аналар кеңесінің мүшесі Ангелика Садыхбекова Құрмет грамотасымен, «Славяне» қоғамдық бірлестігінің белсендісі Елена Павлова Алғыс хатпен марапатталды.

Бұдан бөлек, облыстық ассамблея құрылымдарының бірқатар басшылары мен белсенділеріне алғыс хат тапсырылды.

«Болашақ» университеті «Ең қайырымды ЖОО», облыстық төтенше жағдайлар департаменті «Ең қайырымды ұжым», «Ел-Арай» қоғамдық қоры «Ең қайырымды демеуші» номинацияларын иеленді. Ал, «Жанарған Жаңа-қорған жастары» қоғамдық қоры «Ең қайырымды ұжым», Болат Өтемұратов қоры «Ең қайырымды қор» атанды.

Іс-шара соны концерттік бағдарламаға жалғасты.

«СБ» ақпарат

● ТАҒАЙЫНДАУ

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Облыс әкімінің өкімімен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы лауазымына Жаманқұл Асылжан Зұлфқарұлы тағайындалды.

Жаманқұл Асылжан Зұлфқарұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында туған.

1994 жылы Қарағанды педагогикалық институтын «Дене тәрбиесінің мұғалімі», 2018 жылы Нархоз университетін «Құқық басқарушы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1987 жылы Сырдария ауданы Айдарлы ауылында спорт нұсқаушысы болып бастап, 1988-1990 жылдары Кеңес армиясы қатарында, 1990-1994



жылдары студент, 1994-2003 жылдары жеке секторда жұмыс

жасаған. 2003-2004 жылдары Қызылорда қаласындағы №5, №2 мектептерінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 2006-2010 жылдары облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасында бас маман, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

2010-2019 жылдары аралығында Қызылорда қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы, бөлім басшысы қызметінде болды.

2020 жылдың қараша айынан «Атилла» Қызылорда облысының дене шынықтыру мен спортшылары клубы қоғамдық бірлестігінің төрағасы қызметін атқарды. 2023

«Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өңірінде шамамен 2400 мегаватттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Энергетика:

СБ Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында энергетика мәселесіне арнайы көңіл бөлді. Бұл шын мәнінде алдағы уақытта Қазақстанның орнықты даму мәселесі болып табылады. Атап айтқанда, Президент: «Мен 2060 жылға қарай көміртегінен арлыу міндетін жүктеп отырмын. Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кең-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет. Көмір дәуірі біртіндеп келмесе кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруымыз керек» деп атап көрсеткен болатын.

Мәселеге біршама талдау жасап көрейік. Көміртегі дәуірі аяқталып келеді, дегенмен бұл туралы мәселеге нүкте қоюға, ерине, ерте. Осыдан біршама уақыт бұрын күллі Еуропа энергия дағдарысына тап болды. Газдың бағасы мың текше метріне бұрын-соңды болмаған көрсеткішке жетіп, 1500 долларды құрады. Барлық жерде қымбатшылық белең алды. Бұл орайда Еуропа Ресейді айыптады. Бірақ бір мәселе айқын. Әлемде бүгінге дейін дәстүрлі мұнай-газ отыны орнына балама болатындай ештеңе жоқ. Мұны өмірдің өзі дәлелдеп берді.

Бірақ әлемдік сарапшылар қазірдің өзінен баламалы қуат көздеріне көшуге ниет білдіруде. Әлем энергияның қуатына зәру. Бұл – шындық. Аздап болса да сәл шегініс жасап, энергияның өткен тарихына талдау жасап көрейік.


Бүгінгі ұрпақ пролетариат көсемі Лениннің «Кеңес өкіметі дегеніміз – коммунизм және бүкіл елді электрлендіру» деп ұран тастағанын біле бермейді. Қазіргі түсінікпен айтқанда, біріншісі утопия болды, екіншісі ғасыр өтсе де әлем экономикасының қозғаушы күшіне айналды. Егер жанкешті бәсекеге төтеп берем десеңіз, энергиясыз күніміз жоқ. Бұл – шындық.

Бүгінгі күннің жағдайына тоқталайық. Сарапшылар пікірінше, Қазақстан – әлемде ең көп энергия пайдаланатын елдердің бірі. Біздің экономика Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда, энергияны 3 есе көп пайдаланады. Себебі Қазақстанда ішкі жалпы өнім құрылымында қызмет көрсету секторының үлесі басым. Бұл өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі қоры мен құрал-жабдықтары Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, әлемдегі басқа да озық елдердің заманауи стандарттарына сай келмейді дегенді байқатады. Бұл энергия тұтынуында ысыраптың көп екенін білдіреді. Президент осы орайда өнеркәсібіміздің негізгі қорларын шынбайы жаңғыртудың орнына көбінесе көзбояушылық жасалатынын атап көрсетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарифтердің әділдігі мен қолжетімділігін маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселе деп санайды. Пандемияның кері әсерін төмендету мақсатында осы жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін барлық тариф түрлері кейінге шегерілді. Сонымен қатар тарифтерді үнемі бір деңгейде ұстап тұру мүмкін емес. Тарифтер дәйекті шығындарды жабуға және саланың дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс.

Мына шындықты айналдырғыш ештеңе жоқ. Қазақстанда қазір тарифтерді қымбаттату мәселесі бастапқыда бизнес пен бюджеттік ұйымдарға жүктелетін еді. Жекелеген аймақтарда оның айырмашылығы 400 процентке жетеді. Бұл нарықтың дамуына кесірін тигізіп қана қоймайды, энергияны үнемдеп тұтынуға да еш пайдасын әкелмейді. Энергияны тиімді пайдалану және оны көп тұтынуды төмендету міндеті орындамай отыр. Егер электр қуаты босқа ысырап болса, онда өте қымбат энергиялық тиімді материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдаланудың не қажеті бар?

Қазір әлемде өнеркәсіп пен экономиканы көміртегіден ада қылудың орнықты үрдісі байқалады. Еуропалық одаққа мүше елдерде парниктік газдардың қалдығын 2030 жылға қарай 55%-ке азайту жоспарлануда. 2023



Дәуір және даму үдерісі

жылдан бастап Еуропалық одақта көміртегі салығы енгізіледі. Бұл қазақстандық өнімнің экспорттың едәуір қымбаттауы мүмкін. Жаңа жағдайларға байланысты тауарларға қойылатын техникалық регламенттер, стандарттар мен талаптар өзгереді.

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңінде кез келген елдің мәртебесі, беделі, соған сәйкес халықаралық мүмкіндіктері, көп жағдайда, көміртегіден ада әлемдік экономикаға қосқан үлесі бойынша айқындалатын болады. Атап айтқанда, бұл – еліміздің Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына қабылдану мүмкіндігін анықтайтын өлшемдердің бірі.

Осыған орай, Президент тапсырмасы бойынша Қазақстанда 2050 жылға дейін көміртегінен аз пайдаланып, дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Сондай-ақ, Үкімет Электр энергетикасын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны пысықтауда, еліміздің 2035 жылға дейінгі энергиялық теңгерімі дабындалуда.

Қазақстанда негізгі энергия қуатын беретін нысандар, оның ішінде, жылу станциялары 40 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Сарапшылардың мәліметіне сәйкес, олардың 50 проценттен астамы тозған. Бұл электр станцияларындағы технологиялық заң бұзушылықтардың артуына әкеп соқтырады.

Сонымен бірге Қазақстан жанарғылатын және баламалы қуат көздерін дамытуға нақты бағыт алды. Еліміз жалпы энергия теңгерімі құрылымындағы жанарғылатын қуат көздерінің сапалы өсімін 3%-ке жеткізе алды.

Бұған дейін біз бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 10%-ке дейін жеткізуді мақсат еттік. Жаңа жағдайларды және қазіргі оң қарқынды ескере отырып, электр қуатын беретін станциялардағы жанарғылатын қуат көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15 процентке дейін жеткізу міндеттелді.

Жалпы саладағы мәселе күрделі. Сондықтан Мемлекет басшысы атом энергетикасынан алдын ала бас тарту дұрыс емес әрі қате деген мамандардың пікірімен келісті. Бүкіл дамыған әлем атом энергиясына иек артпайды. Бұл ретте үрейге бой алдыру орынсыз. Дегенмен, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын табанды түрде жүргізу қажет. «Атом станцияларының құрылысын бастауға асықпаймыз, алайда бұл істі кейінге ысырауға да болмайды», – деді Президент.

Мемлекет басшысы өз сөзінде электр желілері компанияларының

жұмысын реттеу қажет екенін атап өтті. Үкімет пен облыстардың әкімдіктеріне электр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту үшін кешенді шаралар қабылдау тапсырылды. Бұдан бөлек, қазір мәселесі де өте өзекті болып отыр.

Қазақстанда энергетика саласы бойынша маман даярлайтын 24 жоғары оқу орны болғанына қарамастан, электр монтажшы, жоғары вольтті желілерді жөндеушілер мен басқа да жұмысшы мамандар тапшы. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің орташа жасы – шамамен 50-де. Оның үстіне бұл саладағы қызметкерлердің еңбекқақысы да төмен. Соның салдарынан 2015-2020 жылдар аралығында қазірлердің тұрақтамауы 4-тен 15%-ке дейін жетті.

Қазір халық санының артуы және экономиканың өсімі жаңа қуаттарды енгізуді талап ететіні сөзсіз. Алайда мүмкіндіктер шектеулі. Сондықтан экономикалық энергия сыйымдылығын азайту – маңызды міндет. Оны шешу тауарларымыздың және тұтас салалардың бәсекеге қабілетті болуына тікелей әсер етеді.

Экономиканың өзін-өзі қамту деңгейі деген ұғым сан салалы. Ол негізінен біздің пайымдауымызда, экономиканың бірқатар саласында импорт алмастыру саясатын көздейді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда аз нәрсеге атқарылған жоқ. Бірақ ол қазіргі әлемдік жанкешті бәсекеестік жағдайында жеткіліксіз. Президенттің көзлегені – жіберген олқылықтарымыздың орнын толтыру, сыртқа өнім шығару, осының нәтижесінде сырттан өнімнен келетін қаржы түсімін молайту. Бізді әлі де анықтауды қажет ететін мына цифр біршама алаңдатады. Экономикада импорт үлесі 60 процент құрайды.

Қазақстанда табысы көп салалар ретінде энергетиканың, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету бизнесі ыңғайлы атауға болады. Нақ осы сектор экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруға ықпал жасайды. Түсінікті тілмен айтқанда, энергетика дегеніміз – мұнай, газ, уран, тағы басқалар. Бірқатар сарапшылар атом энергиясының орнына Қазақстанда мұнай-газ секторын пайдалану мүмкіндігі толық игерілмей отырғанын айтады. Елімізде индустриализацияның екі бесжылдығында бірқатар шаралар іске асырылды. Бірақ ол жаһандық экономиканың бүгінгі жанкешті бәсекесіне төтеп бере алмай отыр. Біздің пайымдауымызда, цифрлар тым көтеріңкі. Осыған орай Президент экспорттық және ішкі нарықтардағы нақты

мүмкіндіктерді айқындап алу мәселесін бірінші кезекке шығарды.

Аталған мәселе бойынша облыста не істеліп жатыр? Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына сұрау салып төмендегідей деректерге қанықтық.

Бүгінде облыстағы электрмен қамту жүйелерінің жалпы ұзындығы 10 мың шақырымнан астам электржелілерді және әртүрлі кернеуліктің 1837 дана қосалқы станцияларды құрайды. Олардың тозу деңгейі 69 процент болып отыр.

Жалпы кейінгі бес жыл аралығында Арал және Қазалы аудандарында кернеулігі 110/35/10 кВ «Арал», «Жанаказалы» қосалқы станциялары және Қызылорда қаласындағы «Тасбоғет», «Арай», «Орталық», «Шымбай», «Жанаарық», «Қазандық» 35/10 киловольттық қосалқы станциялары, Сырдария ауданындағы «Тереңөзек» 35/10 киловольттық қосалқы станциясындағы оперативтік басқару пункт және трансформаторлық қондырғылары, сонымен қатар Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 220/35/10 кВ қосалқы станциясы және Төртаяқ елді мекеніндегі 35/10 кВ қосалқы станциясы қайта жаңғыртылды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында (2019 жылы) «Қызылорда қаласының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және орналастыру шеңберінде, «Саяхат» шағын ауданындағы 1060 жер учаскесінің электрмен қамту жүйелерін дамыту мақсатында, заманауи оқшауланған сымдарын пайдалана отырып, 36 шақырым кернеулігі 10/04 кВ электр желілерінің құрылысы салынып, 16 дана қуаттылығы 400 кВА блокты модульді-трансформаторлық қондырғылар орнатылды.

«Қызылорда жылу электр орталығы» бойынша 2020 жылы 1,4 млрд теңгеге инвестициялық бағдарлама жоспарланып, 1,3 млрд теңгеге орындалды. Оның ішінде жылу энергиясын өндіру бойынша – 69 782 мың теңгеге АБМК №4-тін №1 қазандығына күрделі жөндеу, желілік сорғыға, су жылытқышқа, буландырғыш қондырғының қыздырғышына, аккумулятор бағына және басқа да қосалқы бөлшектерге жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Жылу энергиясын тарату бойынша – 1 333 685,2 мың теңгеге жылу желілеріне, оның ішінде кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 57 400 мың теңгеге 7 920 м әртүрлі диаметрдегі қуаттаралық желіге жөндеу жасалған.

Бюджет есебінен «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 1,2 млрд теңгеге – 1 453,5 м желіге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» бойынша 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаға сәйкес, Қызылорда қаласында 150 шақырымдық аса кернеуі 10/0,4 кВ электр тарату желілері мен 1 дана 10 кВ орталық тарату пунктін қайта жаңғырту және 7 дана қосалқы станцияны қосу жоспарланған.

2021 жылға электр энергиясын беру қызметтеріне бекітілген тариф қосылған күн салығынсыз 1кВт*сағ үшін 5,018 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына» сәйкес белгіленген уақытта уәкілетті органдарға жолданады және кәсіпорынның интернет ресурсында жарияланады.

Экономика тілі цифрлардан, дәйектерден құралады. Иә, бірқатар жұмыстар атқарылды. Негізгі қорлар жанартылып жатыр. 90-жылдарда қарағанда үздік-создық берілген энергиядан арылдық. Бірақ Сыр өңірі энергияға қажеттіліктен толық арылған жоқ. Егер сол 1990 жылы Қызылорда қаласы сағатына 45-50 МВт тұтынса, қазір ол есепте арты. 2000 жылдардың орта шенінде жылу орталығында пайдалануға берілген газтүрбиналық станса қуат көзін еселеуді көздейді. Себебі қажеттілік өсуде, халық саны артып келеді. Сырдың өнеркәсіптік, әсіресе, мұнай бағытындағы көкжиегі үмітке жетелейді. Жуырда ғана көптен күткен үміт оты жапырды, Қызылордада шыны зауыты техникалық тұрғыда іске қосылды.

Сарапшылардың пікірінен, бұл өндіріс энергияны молынан талап етеді. Демек, өнімнің өзіндік құны қымбаттайды. Бұл, әлбетте, жаңа, тосын шешімдер қабылдауды талап етеді.

«Адамдар – инфрақұрылымға» қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Болашағы бар ауылдарды дамытуға баса назар аудару керек. Басты мақсат – олардың Өңірлік стандарттар жүйесіне сай болуын қамтамасыз ету. Бұл ұстанымдар Аумақтық даму жоспарында бекітілуге тиіс».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Көлік қатынасының жаңа көкжиегі

Қызылорда облысының картасына қарайтын болсаңыз, оның ең басты ерекшелігі – көлік инфрақұрылымын және логистика мүмкіндіктерін аңғаруға болады. Облыс бойынша Сырдария өзені созылып жатыр. Өзеннің бойымен теміржол және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы өтеді. Аталған автожол бойында өңірдегі елді мекеннің 85%-і орналасқан. Онда облыс халқының 93%-і өмір сүреді. Облыс аумағында автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3397 шақырым. Оның 1016 шақырымы – республикалық, 557 шақырымы – облыстық, 1824 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдар.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»



МАҢЫЗЫ ЗОР БАҒДАРЛАМА

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда. Стратегиялық маңызы зор инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды» деп атап көрсетті. Жалпы «Нұрлы жол» бағдарламасының еліміз үшін аса маңызды роль атқарғанын айта кету қажет. «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасын 2015 жылы сәуір айында ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бекітті. Бағдарлама мақсаты тиімді инфрақұрылым құру арқылы еліміздің макроөңірлерін кіріктіру болды. Соның нәтижесінде «Нұрлы жол» бағдарламасы ұлттық экономиканың негізгі драйверлерінің біріне айналды. Сонымен қоса, заманауи әрі сапалы автомагистральдардың пайда болуына орай жаңа жұмыс орындары құрылды, транзиттік жүк тасымалы артты, әлеуметтік инфрақұрылым жақсартылды. Мемлекеттік бағдарлама іске асырылған бес жыл ішінде оның еліміздің жалпы ішкі өнім көрсеткішінің өсуіне едәуір ықпал ететіні анықталды.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, мемлекеттік бағдарлама іске асырылған уақытта экономиканың өсімі 16% деңгейінде қамтамасыз етілді. Қорытындысы бойынша республикалық маңызы бар 10 мың шақырым республикалық маңызы бар жолдар мен 15 мың шақырым жергілікті маңызы бар жолдар жөндеді. Бағдарламаның аяқталу қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық күйдегі республикалық маңызы бар автожолдардың үлесі 88%-ке, жергілікті жолдардың үлесі 71%-ке дейін жеткізілді.

Осы жылдары Қызылорда облысында 2286 шақырым автомобиль жолдары мен қала, кент және елді мекендер көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, облыс аумағында 19 көпірге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Осылайша, бес жыл ішінде жүзеге асырылған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы өзінің табыстылығы мен Қазақстанның экономикалық өсуі үшін маңыздылығын дәлелдеді. Сол себептен де 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасында өз жалғасын тапты. 2019 жылғы 31 желтоқсанда ҚР Үкіметінің қаулысымен 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

2021 – ЖЕМІСТІ ЖЫЛ

2021 жылы облысымызда жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жақсартуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 17,9 млрд теңге қаражат бөлініп, ұзындығы 309 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары мен көпір өткелдері және көшелер жөндеуден өткізілуде.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мамандары ұсынған мәліметке жүгінісек, биыл республикалық бюджеттен төрт мемлекеттік бағдарлама арқылы 10,6 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылып отыр. Атап айтқанда: «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 9312,5 млн теңге бөлініп, ұзындығы 195 шақырым болатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары жөндеуден өткізілді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 1812,2 млн теңге бөлініп, Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауын игеру мақсатында 3 жоба жүзеге асырылды.

Атап айтқанда Қызылорда қаласындағы Бейбарыс Сұлтан көшесінен Қызылжарма каналына дейінгі (оң жағалау) ұзындығы 4 шақырымды құрайтын магистральды көшенің құрылысы жүргізіліп, сол жағалаудағы Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін бойлай Бейбарыс Сұлтан көпіріне дейінгі магистральды көше (2,3 шақырым) салын-

ды. Сондай-ақ Қызылорда қаласындағы «Эдельвейс» саяжай ауданының сол жағалау бөлігінде ұзындығы 1,1 шақырым магистральды көше құрылысы бастау алып, әуежайға баратын жолға қосылды.

Ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша барлығы 2815,9 млн теңге бөлініп, ұзындығы 78,5 шақырымды құрайтын елді мекендер көшелері жөндеуден өткізілді. Сол секілді «Кіші қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында Арал және Қазалы қалаларының 20 көшесін реконструкциялауға 1859,5 млн теңге бөлінді.

Облыстық бюджеттен бөлінген 2084,7 млн теңге қаржыға Қызылорда қаласы Сырдарияның сол жағалауындағы 4 жолақты ұзындығы 8,3 шақырымды құрайтын магистральды көше құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Облыстық бюджеттен сол жағалаудағы Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін бойлай орналасқан магистральды көше құрылысын аяқтауға, Жаңақорған ауданының Қожакент, Манап ауылдарының көшелерін, облыстық маңыздағы автомобиль жолдарын жөндеуге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар облыстық маңызы бар жолдардың бойындағы 5 апаттық жағдайдағы көпірге және Қазалы ауданындағы Қарлан учаскесінде Сырдария өзені арқылы көпір салуға жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Жол жөндеу жұмыстарына қолданылатын материалдардың сапасын және төселген асфальт жабындысынан сынама алып зертханалық тексеруден өткізу қызметін көрсетуде «Ұлттық жол активтері сапа орталығы» РМҚ-мен келісім-шарт жасалып, жалпы 94 көше жолына тексеру жүргізілді.

2021 жыл қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі 75%-ке жеткізілді.

ЖОЛАУШЫҒА ТАҢДАУ КӨП

Бүгінгі таңда, облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 204 автобус маршруты ұйымдастырылған. Оның ішінде ауданаралық – 71, кентшілік – 101, қалаішілік және қала маңы – 32 маршрут жұмыс істеуде. Осы маршруттарда барлығы 30-дан астам заңды және жеке тұлғалар әртүрлі сыйымдылықтағы 1405 автобуспен жолаушы тасымалдау қызметін көрсетуде.

Сонымен қатар, Ташкент қаласына 1 халықаралық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе сынды қалаларға облысаралық 13 автобус маршруты жүруде.

Облыста автовокзал, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне енгізілген Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарындағы 4 автовокзал және 8 автостанса халыққа қызмет көрсетеді.

Қазір Қызылорда қаласы бойынша 25 қалаішілік және 8 қала маңы маршруттары ұйымдастырылған. Құндылық осы маршруттарда 300-350 аралығында автокөлік қызмет көрсетіп келеді. «Қызылорда» Автобус Парк» ЖШС балансында 135 автобус бар.

Қызылорда облысынан өтетін магистральды теміржол желісінің жалпы ұзындығы – 1051,7 шақырым. 8 теміржол вокзалы (Қызылорда, Шиелі, Жаңақорған, Сексеуіл, Арал теңізі, Қазалы, Жосалы, Торетам) бар. Облыс арқылы 19 жұп пойызы өтеді, оның ішінде облыс орталығынан 5 жұп пойызы ұйымдастырылған.

ӘУЕЖАЙ ТЕРМИНАЛЫ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Әуе көлік кешенін дамыту – кез келген мемлекеттің экономикалық саясатының басым міндеттерінің бірі. Бүгінде облыс бойынша осындай маңызды жобалардың бірі – «Қорқыт ата» әуежайының жаңа халықаралық жолаушылар

терминалының құрылысы. Оның үстіне біздің әуежай «халықаралық» мәртебеге ие. «Қорқыт ата» әуежайы арқылы аптасына 23 тұрақты рейс қатынайды. Атап айтқанда, Мәскеу, Анталия, Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтау, Қарағанды қалаларына рейстер ұйымдастырылған. Бұл рейстерді «Аэрофлот», «AirAstana», «Qazaq Air», «Fly Arystan» әуе компаниялары орындайды. Осы жылдың тоғыз ай есебі бойынша әуежайда 103,18 мың жолаушыға қызмет көрсетілген.

Алайда, әуежай терминалының қазіргі жағдайы бүгінгі заман талабына сай келмейді, жолаушылар легін қабылдау мүмкіндігі төмен. Сондықтан әуежайда жаңа терминал салу мәселесі көптен бері көтеріліп келеді. Биыл осы бағыттағы жұмыстар бойынша айтарлықтай жағымды жаңалық бар. «Болат Өтемұратов қоры» облыс басшылығы тарапынан болған ұсынысты іске асыруға ниет білдірді.

26 қазанда Қызылорда қаласында «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу бойынша облыс әкімдігі, «Қорқыт ата» әуежайы АҚ және «Болат Өтемұратов қоры» меморандумға қол қойды. Меморандум бойынша қор жобаны толық қаржыландырады.

– «Болат Өтемұратов қоры» біздің ұсынысымызға құлақ асып, жобаны іске асыруға ынталы екеніне қуаныштымыз. Әкімдік өз тарапынан жобаны жүзеге асыруға толық көмек көрсетуге дайын, – деді осы кездесуде облыс әкімі.

Қазіргі таңда әуежайдың қолданыстағы жолаушылар терминалын кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Жаңа әуежай терминалы халықаралық стандарттар талабына сәйкес заманауи үлгіде салынуы тиіс. Жоспар бойынша әуежай сағатына 300 жолаушыға қызмет көрсете алады, яғни қазіргі жолаушылар қабылдау мүмкіндігінен екі есе артық болады.

– Бүгінгі күні жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Оған мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынды. «Жобаға сәйкес, терминалдың ауданы қазіргіден екі есеге ұлғайтылады, яғни шамамен 1400 шаршы метрге кеңейеді. Кеңейтілген әуежай терминалында барлық халықаралық стандарт талаптарына сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар қарастырылады, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов.

ДАМУ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

ҚР Үкіметінің Қаулысымен 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Биылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан іске асыру үшін Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 51 тармағын орындау мақсатында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.Скляр 2021 жылы 5 қазанда жол картасын бекіткен болатын. Осы жол картасының салалық министрліктермен бірге 6, 7 және 8 тармақтары бойынша жергілікті атқарушы органдарға облыстық инфрақұрылымдық даму жоспарын әзірлеу, ұсыну және келісу тапсырылған болатын. Осыған байланысты 2022-2024 жылдарға арналған Қызылорда облысының көлік инфрақұрылымын дамыту жоспары бойынша ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігінің келісімі алынды.

Осы жоспар жақында өткен сессияда депутаттар назарына ұсынылды. Онда облыс инфрақұрылымын дамыту бойынша құны 23,1 млрд теңгені құрайтын 47 жоба енгізілген. Оның 2022 жылы атқарылатын жұмыстарына 10 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп тұр. Бұл келесі жылы осы мақсатқа жұмсалатын қаржының шегі деп есептелінбейді. Республикалық бюджеттен тағы да 10 млрд теңгедің жұмыстың жоба-сметалық құжаттары тапсырылған.

Жоспарға енгізілген қырық жеті жобадағы жұмыстар атқарылғанда облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық

индикаторлық көрсеткіш үлесі 2022 жылы 82%-ке, ал 2024 жыл соңына қарай 95%-ке жетеді деп күтілуде.

Сессияда жоба депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тауып, бекітілді. Осылайша Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан «Әкімдер мен Үкімет әрбір өңір үшін дәл осындай инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қолға алуы керек» деген тапсырмасы орындалуда.

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Көп жылдардан бері Қызылорда мен Жезқазған арасындағы ескі тас жолдың жөнделіп, заманауи стандарттарға сай болуы қоғам тарапынан жиі талқыланyp келді. Бұл мәселені облыс әкімдігі өткен жылы бірнеше мәрте үкіметтік деңгейде көтерген. Соның нәтижесінде ұсыныс Үкімет тарапынан қолдау тауып, қос өңірдің халқы үшін ірі маңызға ие «Қызылорда-Жезқазған» тас жолын жөндеу жұмыстары келесі жылы жүзеге астын болады.

Республикалық маңызы бар А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының 12-216 шақырымы аралығын, яғни ұзындығы 204 шақырымды қайта жаңарту жұмыстары бойынша жоба-сметалық құжаттары өткен жылы дайындалды. Бас жобалаушы – «Каздорпроект» ЖШС, ПНИ «Каздорпроект» ЖШС және «Семдорпроект» ЖШС консорциумы.

Жобаны қаржыландыру мақсатында Еуропалық қайта құру және даму банкінің тәуелсіз сарапшылары түрлі экономикалық және әлеуметтік сараптамалардан өткізді. Сонымен қатар, ҚР Үкіметі және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасындағы келіссөздер нәтижесінде жобаны осы банк ұйымы арқылы қаржыландыру мәселесі шешімін тапты.

Сонымен Қазақстан Үкіметі тарапынан «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы Еуропа қайта құру және даму банкімен құны 240 миллион доллар болатын «Жезқазған-Қызылорда» автомобиль жолының жаңа жобасына қол қойды. Компания бұл қаржыны Қызылорда мен Жезқазған арасындағы ұзындығы 204 шақырымдық ескі жолды күрделі жөндеуге, сондай-ақ, Қызылордадағы ұзындығы 14,8 шақырымдық айналма жолдың құрылысына бөлмек. Жолды салу бағыты Қызылорда облысы аумағынан басталады.

Қазіргі таңда мердігер мекемені анықтау үшін тендерлік рәсімдер қорытындылануда. Мердігер мекеме анықталғаннан кейін, құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау жоспарланып отыр.

«Қазавтожол» ҰК облыстық филиалы мамандарының айтуынша, жобада ені 7 метр болатын III техникалық санаттағы автомобиль жолының ені 9 метр болатын II техникалық санаттағы жолға ауыстыру қаралған және толығымен жарықтандырылған I-6 санаттағы Қызылорда қаласының айналма жолын салу жоспарланған. Сонымен қатар, 2 жол айрығы, 2 ауыл шаруашылық техникалары мен үй жануарларына арналған жол өткелдері, су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау (салмақ, габарит, жылдамдық) өлшейтін арқалар, 5 дәретхана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелі, 117 жол қиылысуы және түйісуі қарастырылған.

Жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 3 жыл мерзімде жүргізіледі және шамамен 2,5 мың адам жұмыс атқарады. Оның 70%-і, яғни 1750 адам жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

Біріншіден жол құрылысы жүздеген адамды жұмыспен қамтып, тұрақты жалақымен қамтамасыз етеді. Жолдың жақсаруы, инфрақұрылымдық желінің дамуы жүк транзиті көрсеткішінің өсуіне, жалпы ел экономикасының дамуына әсері етеді.

Жезқазған жолы жаңғыртылуымен Президент Жолдауындағы өңірлердің орталықпен байланысын жақсарту жөніндегі кезекті тапсырмасы іс жүзінде аспақ.



Мемлекеттің басты байлығы – адам десек, ұлттың саулығын жақсарту арқылы биік мақсатқа жету барша дамыған елдер ұстанған басты бағыт екені белгілі. «Қазақстан – 2050» стратегиясында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлт саулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» деп көрсеткен болатын. Осы орайда елімізде қазақстандықтар денсаулығын қорғау бағытында бірқатар бағдарламалар қабылданып, көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Бытырлан бері бүкіл әлемді шарпыған коронавирус індеті медицина саласына ауыр соққы болғанын білеміз. Десе де, біздің мемлекетімізде, соның ішінде Сыр елінде де пандемиямен күресте уақытылы әрі ұтымды қабылданған шаралар нәтижесінде, сала қызметкерлерінің табандылығы, ерлікке пара-пар еңбегінің арқасында індеттің беті қайтып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, кеселмен күрес жұмыстарын күшейту мәселелері нақты айтылды. Жолдауда Президент: «Халқымыз «бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес. Күн сайын мыңдаған

ұйымдарында ашылды. Биылғы 1 шілдеден бастап барлығы 161 мобильдік бригада құрылды. Оның 38-і қала деңгейінде болса, 28-і аудан орталықтарында, ал 95-і елді мекендерде ұйымдастырылды. Құрамы аймақтық дәрігер, аймақтық мейірбике және жүргізушіден жасақталған.

Кеселмен күресте мамандар тапшылығын жою мақсатында аймаққа 99 жас маман келді. Дәрігер жетіспеушілігін болдырмау мақсатында басқа профильдегі мамандар арнайы оқулардан өткізілді. Кадр резервин қалыптастыру мақсатында 3500 маман жасақталды. Жалпы эпидемия кезінде барлық мамандар жұмылдырылып, науқастарға көмек көрсетті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен коронавирус инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-ша-



Қоғамның басты байлығы – халықтың саулығы

азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде. Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық» деп атап өтті. Расында, төтеннен келген қауіпті ауру адамзат баласын біраз әбдігерге салды. Алғашында аурудың клиникалық белгілері белгісіз болып, оны ауыздықтау әдіс-тәсілін білмей дағдарып қалғанымыз жасырын емес. Қаншама жакын-жуықтан, арда азаматтардан айырылды. Әйтсе де, дер кезінде ес жиып, бар күш-жігерді басқа түскен сынаққа қарсы тұрға жұмсадық. Мемлекет басшысының қолдауымен түрлі ауқымды іс-шаралар атқарылды.

Кеселмен күрес қарқыны

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде өңірде індет жұқтырған 19370 адам тіркеліп, оның 97 проценті жазылды. Пневмониямен ауырған 2680 науқастың 2484-і (92%) емделіп шықты. Қазіргі таңда инфекциялық төсек-орын саны 295, оның ішінде реанимациялық төсек-орын саны 43, жүктеме 28% құрауда. Құрылысы бытыр басталған модульдік стационар іске қосылды. Режимді түрде 6 оттегі шығару станциясы жұмыс істеп тұр.

Дәрі-дәрмек қоры қалыптасқан. Коронавирус инфекциясына қарсы күрес жұмыстарына қажетті медициналық кадрлар мен құрал-жабдықтар жеткілікті. Мәселен, медициналық ұйымдар 686 оттегі концентратор, 251 өкпені жасанды желдету аппараты, 8 компьютерлік томограф, 66 рентген аппаратымен қамтылған. Облыс бойынша 121 дәрігерлік мобильдік топ үйден ем жасауда. Дәрілік заттардың тұрақтандыру қорына жергілікті бюджеттен 488 млн теңге қаржы бөлінді, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов.

Жоғарыда айтып өткендей, облыста үй жағдайында дәрігерлік және динамикалық бақылауды қажет ететін науқастарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында мобильдік бригадалар ұйымдастырылды. Олар бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету

раларға тартылған денсаулық сақтау ұйымдарының жұмыскерлерін қолдау мақсатында оларға үстемалы беру қолға алынды. Эпидемиологиялық бағалы 36843 қызметкерге 6,8 млрд теңге үстемалы төленді. Қызмет барысында індет жұқтырған 526 медицина маманына төлем тағайындалды. Одан бөлек, инфекциямен күресте қайтыс болған 12 қызметкердің туыстарына қаржы берілді, – деді басқарма басшысы.

Індетті ауыздықтаудың бірден-бір жолы – вакцина. Бұл орайда ел ғалымдары отандық еkle әзірлеп шығарды. Мемлекет басшысы Жолдауда вакцинаның тиімділігі туралы нақты тоқталды. «Қазақстан – коронавируспен қарсы вакцина шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір «Qaz Vac»-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр» делінген Жолдауда.

Жалпы елде биылғы 1 ақпаннан бастап коронавируспен қарсы еkle салу жүргізілді. Бұл үшін облыста 106 егу кабинеті жасақталып, оған 133 мейірбике мен 89 дублер тартылды. Бүгінде аймақта ұжымдық имунитетті қалыптастыру мақса-

тында еkle алуға қабілетті 452480 тұрғынның 410543-і, яғни, 90,7%-і вакцинаның I компонентін салдырса, II компонентімен 80,3%-і (363472) қамтылды. Бұдан бөлек, Pfizer вакцинасының 23400 дозасы жеткізілді. Үкімет тарапынан орталық қоймаға температуралық режимді сақтауға 4 тоназдық алынды. Бүгінде вакцинаның I компонентін 11 мыңға жуық тұрғын салдырса, II компонентті 718 адам алды. Сонымен бірге, 22 қарашадан ревакциналау жұмысы басталып, 1300-ге жуық тұрғын қайталап егді.

Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде елде коронавирус инфекциясының эпидемиологиялық ахуалы тұрақталып, карантиндік шектеу шаралары жеңілдетілді, төсек-орындар саны кезең-кезеңімен қысқартылды. 26 қыркүйектен бері Сыр елі «жасыл аймақ» қатарында келеді.

Бағдарлама бағыты – нәтижелі көрсеткіштер

Мемлекет басшысы аталған Жолдауда коронавируспен қатысы жоқ ауруларға байланысты ахуалды нашарлатып алмау керектігін де ескертті. Жолдауда Президент: «Коронавируспен қатысы жоқ ауруларға байланысты

ахуалды нашарлатып алмауымыз керек. Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр. Бұрыннан стандартты еkleлер көптеген балаларға салынбай келеді. Әрине, бұған жол беруге болмайды» деп нақты айтты. Сонымен қатар Жолдауда медицина саласына қомақты қаржы құю керектігі, ол қаржының инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалыу тиіс екені ескертілді.

Биылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша облыстың медицина ұйымдарына 803792 тұрғын тіркелген. Оның 273298-і, яғни, 33,2 проценті бала. Тұрғындарға медициналық көмекті 23 стационарлық, 21 амбулаториялық емханалық ұйымдар көрсетеді. Негізгі жұмыс «Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында жүргізіледі. Сала қызметі бағдарламаның негізгі түпкілікті нәтижесін көрсететін 25 индикатор арқылы бағаланады. Бағдарламаның негізгі басым бағыты – медициналық-санитариялық көмек көрсетуі дамыту. Бұл орайда аймаққа түсетін жүктемені 2024 жылға дейін 1500 адамға төмендету, қосымша 51 аймақ ашу жоспарланған.

Күтілетін өмір сүрудің орташа ұзақтығы елдің демографиялық дамуының өлшемі ретінде танылып, не-

«Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес. Күн сайын мыңдаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде. Біз уақыт ұттырмай індетпен күресу шараларын дереу қолға алдық»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың
2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан



гізгі индикаторлық көрсеткіш ретінде бекітілген. Кейінгі 2 жылда өмір сүру ұзақтығының 72,8 жастан (2018 ж.) 72,91 (2019 ж.) жасқа дейін өсуі байқалады. Алайда мамандар бытыр бұл көрсеткіштің 70,15-ті құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,7 процентке төмендегенін айтады. Себебі, COVID-19 инфекциясының эпидемиологиялық ахуалының күрделенуіне байланысты өлім-жітім көрсеткіші күрт артқан. Бұл өз кезегінде күтілетін өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткішінің төмендеуіне әкеп соғады. Биылғы 10 айда облыс бойынша жалпы өлім-жітім 4113 жағдайды құрап, 1000 тұрғынға шаққанда 5,1-ге жетті. Сәби өлімі 8,6 процентті құрап, 19,6-ға төмендесе, қан айналым жүйесінен өлім-жітім көрсеткіші 7,3 процентке азайып, 92,8-ді құраған. Қатерлі ісікпен сырқаттанушылық есеті мерзімде 3,9 процентке азайып, 100 мың тұрғынға шаққанда 120,3-ті көрсетті. Қатерлі ісіктен болатын өлім 20,6 процентке азайып, көрсеткіш 42,2-ні құрады. Сонымен қатар қатерлі ісікпен ауыратын науқастардың 5 жылдан аса өмір сүру көрсеткіші 52-ні құрап, 4,6 процентке жоғарылаған. Сондай-ақ, туберкулезбен сырқаттанушылық 7,6 процентке төмендеген.

Маман тапшылығын болдырмау – басты назарда

Медициналық көмек сапасын арттыруда мамандармен қамтамасыз етуге үлкен мән беріледі. Жоғарыда айтылғандай, пандемия кезінде инфекциямен күреске барлық медицина қызметкерлері тартылды. Одан бөлек салада маман тапшылығын болдырмау мақсатында түрлі шаралар қарастырылған. Аймаққа бүгінде 141 дәрігер қажет. Осы орайда резидентурада 95, бакалавриат бойынша 126 маман даярлануда. Сонымен қатар орын алған дәрігер тапшылығын ескере отырып, өңірге аса қажетті мамандарға жәрдемақы беру көзделген. Былтыр

жергілікті бюджеттен 39 маманға 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көтермеқы берілсе, биыл 20 маманға 29,3 млн теңге қарастырылған.

Жаңарған құрылыс, заманауи құрылғы

Салаға заманауи технологияларды енгізуге, материалдық-техникалық базаны күшейтуге, профилактикаға, науқастарды диагностикалау мен емдеуге жұмсалатын қаржы көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Биылдың өзінде саланы қаржыландыру былтырмен салыстырғанда 23,4 процентке артты. Нақтырақ айтқанда, биылға бөлінген инвестиция көлемі 3,8 млрд теңге, оның ішінде құрылыс пен құжаттамаларды әзірлеуге 2,7 млрд теңге, медициналық құрал-жабдықтарға 1,1 млрд теңге бөлінген. Сонымен қатар биыл жалпы сипаттағы трансфертер есебінен 1069 млн теңге бөлініп, Арал және Жаңақорған ауданаралық ауруханаларына КТ аппараты, Арал ауданаралық ауруханасына флюорографиялық және маммографиялық аппараттар, №3 қалалық емханаға, екі аудандық ауруханаға УДЗ аппараты алына, лизинг арқылы Арал және Шиели аудандарына 2 жылжымалы медициналық кешен жеткізілді. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде келер жылға барлық БМСҚ ұйымдарының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сұранысы келісіліп, «СК-Фармация» ЖШС-на тапсырылды. Жалпы сомасы 6,7 млрд теңгені құрайды.

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасы аясында ауылдық елді мекендерде, оның ішінде тірек және спутниктік ауылдарда фельдшерлік-акушерлік, медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ашу мақсатында апаттық жағдайда тұрған және ғимараты жок 17 медициналық бекет пен дәрігерлік амбулатория салу жоспарланып, кезең-кезеңімен іске асырылуда. Келер жылы 350 млн теңгені құрайтын 7 медициналық бекет құрылысын салу жоспарланса, 2023 жылы 3 нысан салу көзделген. Сонымен бірге келер жылы республикалық бюджет есебінен Сырдария өзенінің сол жағалауынан «Облыстық қан орталығы» құрылысын жүргізу, 6 медициналық ұйымға КТ және 2 мекемеге МРТ аппараттарын сатып алу ұйғарылып отыр.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы қазақстандықтарға арнаған Жолдауында медицина саласына, тұрғындардың денсаулығын сақтау, аурудың алдын алу, медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту мәселелеріне көңіл бөлініп, нақты міндеттер қойылып келеді. Осының негізінде салада атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, қол жеткен табыстар баршылық. Бұл өз кезегінде ұлт болашағына жасалған шынайы қамқорлық екені сөзсіз.



«Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңнан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Жолдау тудырған жеңілдіктер

Иә, осы Жолдауда Президент пандемияның әлі де күрделі жағдайда екенін ескертіп, кәсіпкерлікке қатысты қос бағдарлама — «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» мерзімі 2022 жылға дейін созулды. Бұған бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болатынын да ерекше атап өтті.

Рас, өңірлердің дамуында ерекше ролі бар кәсіпкерлік саласы екені рас. Сондықтан осының жүгін арқаалаған азаматтарды қолдау жұмыстары кейінгі жылдары қарқын алды. Сөзімізге дәлел келтірсек, Президенттің бұған дейінгі 2020 жылғы Жолдауында шағын және орта бизнеске қосымша көмек ретінде экономиканың зардап шеккен салаларындағы кәсіпкерлердің барлық несиелерінің 6 процентке дейін жылдық мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік субсидия беруді тапсырды. Сондай-ақ олардың жұмысына кедергі жасайтын кей органдарды атап көрсетіп, қысым жасамауды қатаң жүктеді. Мемлекет бұған дейін де шағын бизнес саласындағы кәсіпорындар үшін табысқа салынатын салықтан үш жылға босатқан еді. Тексеріс жүргізуге де осы мерзім аралығында тыйым салды.

— Заң бойынша да, тәжірибе жүзінде де нақты болымыстың қасаң формадан артықшылығы бар екенін, ақыл-ой мен мән-мазмұнның қатаң заң нормаларынан басым түсу мүмкіндігін ескерген жөн. Тексеру жүргізуге тыйым салған үшжылдық мораторий осындай реттеу жүйесін жаңадан енгізуге жол ашады. Кайталап айтамын, мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке кез келген заңсыз араласуы, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтіру мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс ретінде бағалануы керек. Кәсіпкерлер шенеуніктер тарапынан заңсыз қысым көрсе, бірден прокуратура органдарына жүгінгені жөн.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсеткенде орта бизнеске де ерекше назар аудару керек. Өйткені нарықта табысты болудың негізгі көрсеткіші орта бизнестің өркендеуімен өлшенеді, — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында.

Бағдарлама берген бағыт

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, кейінгі 15 жылдан астам уақытта облыста жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік саны 3,6 есеге ұлғайып, бүгінде 50492 бірлікке жетті. Мысалы, 2005 жылы облыста шағын және орта бизнесте 39977 адам жұмыс істесе, бүгінде аймақ халқының үштен бірі, яғни 100948 адам жұмыспен қамтылып отыр. Өсім 2,5 есегіне құраған.

Аймақтағы кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметінше, 15 жылдан астам уақытта шағын және орта кәсіпкерлікпен өндірілген өнімнің нақты көлемі 7,4 есеге көбейген. Жоғарыда айтқандай, 2005 жылы кәсіпкерлікте бар болғаны 49,2 млрд теңгеге өнім шығарылған. Ал бытыр 396,7 млрд теңгеге өнім өндірілді. Былғы жылдың бірінші жарты жылдығын айтсақ, өнім көлемі 173 млрд теңгені құрап отыр. Жалпы биыл облыста кәсіпкерліктің экономикадағы үлесін 18,5%-ке жеткізу көзделуде.

2010 жылдан бастап республика көлемінде бизнеске ынталандыру үшін жақсы жаңалық болды. Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама басталысымен 2019 жылға дейін облыста шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен 1656 жоба қаржыландырылды. Ал 2014 жылы ауыл кәсіпкерлерін жеңілдетілген несиелен қамтамасыз ету мақсатында республика бойынша алғаш рет облыс әкімдігінің қатысуымен «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» МҚҰ ЖШС құрылды. Орталыққа осы уақытқа дейін әртүрлі көздерден 8 млрд теңге қаржы тартылды. Құрылғаннан бастап 1927 жоба іске қосылды.

Ігілікті бағдарламалар көп. Әсіресе, өңірде мұндай бастамалар жетерлік. 2015 жылы облыс әкімдігі мен «Қызылорда» ӨИО» МҚҰ арқылы «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағ-

дарламасы іске асырылды. Бұған облыстық бюджеттен 360 млн, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы «Алмәкс» холдингілік компаниясынан 300 млн теңге тартылды. Соның арқасында 110 жоба жасалып, 348 жаңа жұмыс орны пайда болды. Ал келесі жылы облыс әкімдігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру мақсатында «Даму Сырдария» өңірлік бағдарламасын дайындаған еді. 2016-2017 жылдары облыстық бюджеттен 1,2 млрд, «Даму» қорының өз қаражаты есебінен 1,7 млрд теңге құйылды. Осы уақытқа дейін 10,3 млрд теңгеге 913 жоба іске асыпты.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын айта кету керек. Бұл 2017 жылы құрылған болатын. Облыста 45,1 млрд теңге қаржы бөлінді. Көп азаматқа мүмкіндік тудырған бағдарламаның негізінде 10780 адам оқудан өтіп, 9 мыңға жуық жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар 200 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз грант ұтты.

Аймақта кәсіпкерлерді қолдау жұмыстары мұнымен тоқтаған жоқ. Оларға қолайлы жағдай жасау, құжаттарына көмек, заңгерлік кеңес пен сүйемелеу сияқты жұмыстар үнемі жүргізілді. Бір бизнес орталыққа шоғырланып, ол орталық Кәсіпкерлер үйі деп аталды. Бұл облыс әкімдігінің қолдауымен болған шаралар еді.

Ең қуаныштысы, осы жылы аймақта шағын және орта бизнестің жалпы өнімдегі үлесін өсіру үшін «Қызылорда облысында жаппай кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың үшжылдығы» жарияланды. Басты мақсат — 2020 жылдың соңына дейін жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың санын қысқартуға ықпал жасау еді.

Бытыр «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №968 қаулысымен 5 жыл мерзімге ұзартылғаны белгілі. 2020-2021 жылдар аралығында осы бағдарламамен облыста 5639,8 млн теңге қаржы қаралып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 2789 жобасына 31,6 млрд теңге қолдау көрсетіліпті.

Отандық өнімге ұмтылыс

Бүгінде Сыр өңірінде кәсіппен айналысуға ниетті адамдар қатары артуда. Алайда, бизнес жоспарын бекіткен соң, оны бастау жолында қаражат көзін іздеуге тура келеді. Екінші деңгейлі банктер мен басқа да қаржылық институттардың талабы, кепілзат көлемі мен проценттік мөлшерлеме көп жағдайда жеке кәсіп бастауды кейінге шегере беретіні анық. Бұл кәсіпкер болам деушіге көп кедергі.

Жоғарыда айтып өткендей, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалардың жәрдемі мол. Сол арқылы бизнес жобаларын жүзеге асырып, кәсіп ашқан адамдар қатары артпаса, кеміген емес.

Сондай кәсіпкерлердің бірі — Ділмұхамед Абизов. Ол 2016 жылы «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымының қолдауына ие болып, «Dalateх» деген атаумен өзінің жеке тігін шехын ашқан. Қазір цех Сыр өңірінде ерлер жейдесін тігумен айналысатын отандық компаниялардың қатарында. Айына 11 мың дана ерлер киімін тігітін кәсіпорын 40 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін компания басқа өңірлерден де сауда нүктелерін ұйымдастыруда. Сондай-ақ кәсіпкер ресейлік әріптестерімен ынтымақтастық орнатып отыр. «Dalateх» өнімдері өз елімізбен бірге көрші Ресей мемлекетінде де сатылымға шықты.

Аталған компания 2018 жылы Нұр-Сұлттан қаласында өткізілген «Қазақстанның үздік тауары-2018» республикалық көрме-конкурсында «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Сыр өңірінде жергілікті өнім өндіруде Дәулет Тапалов басқаратын «Louis Beton KZ» ЖШС айтуға болады. Мемлекет тарапынан қолдау тауып, өз жұмысын бастаған бетон зауыты құрылысқа ең қажетті заттарды шығаруда.

Кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы арқылы 6% несие алып, бизнесін кеңейткен. Айтуынша, бетон секілді құрылыс материалдары әрдайым сұранысқа ие. Егер өнімнің жоғары сапасы мен кәсіпорынның тұрақты жұмысына қол жеткізілсе, тұтынушылар қатары артады екен.

Зауытта барлық түрдегі темір-бетон бұйымдары, стандартты емес көлемдегі жабын плиталар, жол және тротуар жиектері, барлық маркалы тауарлық бетон дайындалады. Сондай-ақ, Жанақорған қиыршық тастар және түрлі маркалы цементті сатумен айналысады. Кәсіпорынның барлық салаларында өндірістік тәжірибесі, өзінің жоғары

білікті басқару қызметі, инженерлік персонал бар жұмысшы кадрлар жетерлік.

Азық-түлік өнімдерін сырттан тасымалдамау тұрғындар үшін өте маңызды. Мұнда баға тұрақтылығы сақталып қана қоймай, дүкен иелеріне де тауардың қолжетімді болуында жергілікті өнімнің маңызды екені айтпаса да түсінікті.

Мұндай қаламға барған әйел кәсіпкерлер де бар. Ілгеріде Шиеліде тұшпара жасайтын шағын цех жұмысын іске қосып, сапалы жартылай фабрикат өнімдерін тұтынушыларға ұсынып, елдің ықыласына бөленген Патима Шаймерденқызы бүгінде шұжық шығарумен айналысады. Азық-түлік бизнесінде ел сұранысына қажеттіні шығарып қана қоймай, аудан орталығынан сауда дүкенін ашып, халыққа шарапатын тигізіп отыр. Алдағы уақытта оның көлемі мен сапасын жақсартып, халықаралық стандартқа сәйкестендіріп, өз өнімдерін республика көлеміне сатуды жоспарлаған. Жұмыссыздар қатарын

жүзеге асып, бытыр жыл басынан бері дайын өнімдерін жұртқа ұсына бастаған. 35 адам осында жұмысқа тұрды.

«Кәсіп ашуымның негізгі себебі — ел экономикасына, сонымен қатар өңірлік кәсіпкерлік саласының дамуына елеулі үлесімді қосу», — дейді Дәулет. Тек сабын өндірумен айналысатын цехта болашақта кір жуғыш ұнтақтар мен басқа да химиялық өнімдер шығарылмақ. Ол үшін ең бірінші қажетті құрал-жабдықтар болуы тиіс. Осыған орай, кәсіпкер «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымының қызметіне жүгініп, жоспарын ұсыныпты. Орталықтың байқаушы кеңесінен қолдау тапқан. Сол арқылы жеке кәсібін кеңейту жұмыстары да әрі қарай жалғаса бермек.

Дәмі тіл үйіретін кара қауын — Сыр өңірінің күршітен кейінгі бренд. Аймақтағы агроөнеркәсіп саласының мамандары кара қауынның тұқымын жаңа сапаға көтермек ниетте. Сондай мамандардың бірі — ауыл шаруашылығы



азайту мақсатында 60-қа жуық адамды тұрақты жұмысқа алған.

Өз ісінің шебері, қоғам жанашыры, үй мен түздің шаруасына уақыттылы үлгеріп, тиянақтылық танытып жүрген үздік жаның еңбегі елеусіз қалып жатқан жоқ. Ел еңсесі енді ғана тіктеліп, әлеуметтік тұрақтылыққа бет алған кезеңде шағын бизнес саласында «Жылдың үздік кәсіпкері» аймақтық конкурсында «Үздік кәсіпкер әйел» номинациясын иеленіпті.

Сырдария ауданына қарасты О.Лиясов ауылының тұрғыны Роллан Олинов те кәсіпкерлік саласының дамуына өз үлесін тигізуде. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы арқылы 1,5 млн теңге несие алыпты. Өзі омарта шаруашылығымен айналысады. Жылына 2,4 тонна бал өндіріп, қала мен аудан тұрғындарына жеткізеді. Бүгінде тұрақты тұтынушылары мен сатып алушылары қалыптасқан.

Сыр өңірінде наубайхана өндірісін дамыту үшін еңбек етіп жүрген кәсіпкер — Бақытбек Ерболатов. Биыл «Қызыл орда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымынан наубайханасын кеңейтуге несие алыпты.

Кәсіпорында наның бірнеше түрі бар. Ақ нан, кара нан, батон, бөлішке, бағет және де кекс, сэндвич сынды нан өнімдері дайындалады. Кәсіпкердің айтуынша алдағы уақытта нан өнімдерінің басқа да түрлерін пісіру жоспарда бар. Аталған кәсіпорында 50-ге жуық адам жұмыс істейді.

Жергілікті әрі халыққа қажетті өнім шығаруда бірнеше мысал келтірілді. Солардың тағы бірін айтсақ, аймақ тұрғыны Дәулет Ізбасарұлы тұрмыстық химия өнімдерін шығару жобасы бойынша кәсіп ашты. Бұл істі қолға алғанына көп болмаса да, жұмыс алға жылжуда. Екі жыл бұрын басталған идея біртіндеп

етене араласып, аймақтың экономикалық ахуалының жақсаруына тамшыдай болса да септігін тигізген кәсіпкерлердің саны да артқан. Мемлекет тудырған мүмкіндікті барынша пайдалана білген олардың іскерлігі көпке ұлғи.

Өткен жылғы пандемия кесірінен шекаралар жабылып, дүкендердегі ең бірінші қажеттілікті қамтамасыз ететін тауарлардың бағасы өскені белгілі. Таңдау бойынша, азық-түлік тауарларының 95 проценті сырттан келетіні де осы кезде айқындалған еді. Мұндайда тек халыққа қажеттісі — отандық һәм жергілікті өнім түрлерінің мол болуы.

Медицина мен сауықтыру — кәсіпкер қолымен

Біз білетін бір анық жайт, халық сұранысын қанағаттандырып, көпшіліктің демалып, ойын-сауық ұйымдастыруына немесе медициналық көмек алуға сұранысты өтеп жүрген кәсіпкерлер легі де бар.

Мысалы, биыл жаз туа қала орталығынан арнайы жабдықталған монша кешені іске қосылды. Оның құрылысын мемлекет қолдауымен кәсіпкер Дария Жанұзақова салып бітірді.

Дария монша құрылысының басталуына қаржылай көмек алу үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Қызылорда өңірлік филиалына жүгінген. Ондағы мамандар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы несие алуына қолдау көрсетіп, кәсіпкерге инвестиция үшін қаржы берілген. Жобаны «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында «Даму» қоры қолдап, несие мөлшерлемесін 6%-ке дейін субсидиялады.

— Бұл кешен орыс моншасы үлгісінде қарағанды қиылып салынған. Тек қана монша емес, ашық бассейндер де бар. Сондай-ақ, Еуропа мәзірі бойынша дайындалатын түрлі тағамдар мен салқын сусындар да ұсынылады, — дейді кәсіпкер.

Мұнда 30 адам қызмет атқарады. Әлемде орын алған пандемия жағдайына байланысты барлық сақтық шаралары қамтылған. Осыған байланысты «ECO Village» кешенінің қызметкерлері кез келген тұтынушының көңілінен шығатындай қызмет түрін көрсетуде. Халыққа медициналық қызмет көрсетер тағы бір орын — Darja-Med ЖШС. Көпсалалы клиниканың мемлекеттік лицензиясы бар. Кәсіпкер Бауыржан Әділханұлы бытыр мемлекеттік бағдарлама аясында «Даму» қоры арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан 6 процентпен несие рәсімдеген. Оған клиникаға жаңа жабдықтар сатып алыпты.

Клиникада көпжылдық тәжірибесі бар үздік медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Келушілерге амбулаториялық жағдайда және мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық-санитариялық көмек көрсетумен айналысады. «Офтальмология», «Отоларингология», «Эндокринология» салалары бойынша аурудың алдын алуға көмектесіп, диагностика жасап, ем жүргізеді. Сондай-ақ, көз ауруларын диагностикалау және емдеу үшін барлық қажетті техникамен жабдықталған.

Өз кәсібін ашқанға дейін Бауыр-



жан емханада дәрігер болған. Кейін медициналық жабдықтар сататын компанияда жұмыс істеді. Жеке клиника ашуға өз саласындағы мол тәжірибесі себеп болса керек.

— Басты мақсат — пациенттеріміздің көру қабілетін қалпына келтіру. Осы мақсатта қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін үздік мамандарды тұрақты түрде шақырып тұрамыз. Емдеу мен диагностиканы жаңа әдістерін үйреніп, құрылғыларды да ең заманауи түріне жанартып келеміз, — дейді кәсіпкер дәрігер.

Осындай кәсіп ашушы дәрігердің бірі — Жанболат Әли. 16 жылдан бері стоматологиялық қызметпен айналысады. Бұған дейін емханада стоматолог болыпты.

Алдымен өз қаражатына «Ару-Дент» стоматологиялық клиникасын ашты. Мұнда да тұрақты келушілердің қалыптасуына сапалы қызметі сеп болды. Осы жоба аясында Жанболат жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып отыр.

Бытыр ол клиника бөлмесін жөндеуден өткізіп, стоматологияға арналған жабдықты жанартуға несие аймақ болады. «Даму» қорына келіп, бағыт-бағдар алған соң «Jysan Bank» арқылы несие рәсімдейді. Жобаны мемлекет қолдап, «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында ішінара субсидиялады. Нәтижесінде кәсіпкер ол берешекті 6 процентпен өтейді.

— Стоматология — медицинадағы сұранысқа ие бағыттардың бірі. Өз денсаулығын үнемі қадағалап отыратын адам күдікті белгілер немесе ауырысу болмаса да, жылына кемінде екі рет тіс дәрігеріне қаралып тұрады. Жеке клиникалар әр клиентке жеке көңіл бөліп, заманауи жабдықтармен жылдам қызмет көрсетіп, сапалы дәрі-дәрмектер, тиімді емдеу әдістерін ұсына алады. Бәсекелестік күшейіп, нәтижесінде сапалы қызмет көрсету де жақсы жүйеге түседі, — дейді Жанболат Әли.

Мүмкіндігі шектеуліге мүмкіндік

Иә, мұндай азаматтар міндетті түрде қолдау табады. Қызылордалық мүмкіндігі шектеулі жас кәсіпкер Олжас Ақсейітов мемлекет берген мүмкіндікпен пэйнтбол спорт орталығын ашты.

Олжас сегіз жыл бұрын жұмыс барысында кенеттен мойын омыртқасынан зақым алып, 1-тон мүгедегі болды. Тағдыр қиындығына қарамастан, өзінің хоббиын қолға алып, мақсатына жетті.

Жас кәсіпкер бытыр спорт орталығын ашу үшін «Бизнес-Мектеп» құралы бойынша оқу курсынан өткен еді. «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында «Спорт клубтарының қызметі» жобасымен 2 млн теңге грант жеңімпаз атанды.

Қазір мүмкіндігі шектеулі кәсіпкердің спорт орталығына келуші жастар көп. Орталықта пэйнтбол экстремалды жекпе-жек ойынымен айналысады. Қала тұрғындарының салауатты өмір салтын сақтап, спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін жаңа орталық жастардың спортқа деген қызығушылығын одан әрі арттыратыны сөзсіз.

Түйін.

Әрине, халықтың әл-ауқатын арттыру, ел экономикасын көтерудің бірден-бір жолы — шағын және орта бизнес саласын дамыту. Облыста осы сектор бойынша 50 мыңнан аса кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 100 мыңнан астам адам жұмыс істеп отыр.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кейінгі онжылдықта елімізде кіші кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік деңгейде бағдарламалар іске асырылды. Сол кезеңде өз мүмкіндігін жетіктеріп алмай, кішігірім бизнес бастаған жандар бүгінде кәсібінің көкжиегін кеңейтіп келеді. Кәсіппен айналысу — жеке табыс табу ғана емес, ел мүддесіне, халық ықыласына жұмыс істеу. Ел игілігі жолында есеп еңбек етіп келе жатқан білікті маман иелері қашан да қоғам назарынан тыс қалмақ емес.

Ержан ҚОЖАСОВ,

«Сыр бойы»



Елімізде ауыл халқының жағдайын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Осы бағытта жасалатын іс-шаралар барысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында кенінен қамтылған. Облыстың оңтүстігінде орналасқан Жаңақорған ауданында бұл бағытта жүзеге асқан және алдағы міндеттер аз емес.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

– Биылғы жылдың 10 айында ауданда 86115 адам тұратыны нақтыланды. Ол жыл басымен салыстырғанда 969 адамға көбейген, – деп бастады әңгімесін аудан әкімі Руслан Рүстемов. – Халықтың әлеуметтік нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында ауданда көптеген құрылыс жүргізілуде. Атап айтқанда, олардың қатарында Жаңақорған кентіндегі 600 орындық №169 орта, МАИ бекетіндегі 300 орындық мектептерінің құрылысы бар. Сондай-ақ, ҚР Ұлттық қоры есебінен аудан орталығындағы С.Сұлтанмұратов көшесі бойынан салынып жатқан 300 орындық мектеп алдағы уақытта елдің игілігіне айналады. Айтпа кетерлігі, былтыр басталған 2 білім шағы биыл пайдалануға берілсе, 1-і алдағы жылы есігін айкара ашады. Ал, Жаңарық және Байкөне жауындарындағы мектеп құрылысының жоба-сметалық құжаттарын дайындауға жоспар бар. Онымен қоса Бірлік елді мекеніндегі 90 орындық балабақша құрылысына облыстық бюджеттен 200 млн теңге бөлінсе, Өзгенте ауылдық клуб құрылысы жел-дел қолға алынды.

Ауданда халықтың денсаулығын сақтау бағытында нәтижелі іс баршылық. Бүгінде облыстық бюджет есебінен Жаңарыққа амбулатория пайдалануға берілді. Ал, Төменарықта дәрігерлік амбулатория және аурухана, Қаратөбеде дәрігерлік амбулатория, Қашқанкөлде медициналық бекет салынады деген жоспар бар. Бұл мақсатта аталған құрылыстардың жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге тиісті қаржы бөлінді. Осындай іс-шаралар Келінтөбе, М.Нәлібаев елді мекендеріндегі спорт кешендері құрылыстарына байланысты да жасалды.

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында жер мәселесіне байланысты түйткілігін терең тоқталды. Оның ішінде ауыл маңында жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану жағдайын ескерілді. Қазіргі таңда Жаңақорған кентіндегі «Саяжай-1» учаскесіне толыққанды жоспарлау жасалды. Ол жер кезегіндегі 7 мыңға жуық тұрғынға жер учаскесін табыстауға мүмкіндік туғызды. Оған аудандық бюджеттен 29,2 млн теңге қаралған. Ендігі кезекте алдағы жыл бюджетінен жоба-сметалық құжатын дайындау қолға алынады, – деді аудан басшысы.

Айтпа кетерлігі, ауданда тұнғыш рет жер учаскесін жекеменшік құқығымен аукцион арқылы сату алгоритмі жүзеге асты. Енді кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскесін аукцион бойынша сату автоматтандыру негізінде электрондық сауда алаңына шығару арқылы өткізіледі. Оның басты ерекшелігі – техникалық құрал-жабдықтар арқылы аламын тікелей немесе ішінара қатысуын шектеу. Бұл дегеніміз әкімдік жұмысының ашықтығы пен жариялылығын қамтамасыз етеді, яғни, ашықтық пен жариялылық бәсекелестіктің артуына негіз болады. Әрі сыйбайластық тәуекелдерінің алдын аламыз. Сол арқылы қоғамның билікке, жергілікті атқарушы органдар сенімін арттырамыз. Бұл іс облыс аумағында алғаш рет Жаңақорған ауданында қолға алынып отыр.

Жолдаудағы басты тапсырманың бірі – жайылымдық жерлерге түгендеу жүргізілді. Нәтижесінде жалпы көлемі 6662,8 гектарды құрайтын 52 жер учаскесі анықталды. Мал басы тіркелмеген 49 субъектіге ескерту хат берілді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес ауданда арнайы ауыл шаруашылығы жерін бақылау жөнінде бас инспектор бекітілді. Осылайша ауыл шаруашылығы жерінің мақсатты пайдаланылуы тұрақты бақылауға алынууда. Тау беткейдегі Жаманбай батыр ауылдық округінде Ұлттық қор мен облыстық бюджет есебінен жанадан ашылатын учаскелерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізілді.

– Кейінгі жылдарда бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүзеге асты. Атап айтқанда, бүгінде елді мекендерді тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету жүйеленді. Бұл бағытта Ақүйк, Өзгент, Қандөз, Екпінді, Сунақата және Сүттіқұдыққа жанадан 6 дана трансформатор алуға, Қаратөбе, Келінтөбе, Өзгент, М.Нәлібаев, Жаңарық, Жайылма және Ақүйк ауылдық округтерінде электр бағанасына күн сәулесінен қуат алатын жарық шам орнатуға тиісті қаржы бөлінді. Ол «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында көзделген болатын, – деді Руслан Рүстемов.

Ауданда автокөлік жолдарының сапасын қанағаттандыру деңгейіне жеткізу бойынша ілкімді істер баршылық. Биыл жалпы ұзындығы 60,4 шақырымды құрайтын автомобиль жолын орташа жөндеуге барлық деңгейдегі бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. Айтпа кетерлігі, бұған дейін аудан тарихында аталған мақсатқа мұндай көп қаржы бөлінген емес. Нәтижесінде қанағаттандыру ауылдық маңызы бар жолдар 87 процентке жетсе, ол елді мекендерде 51 процентті құрады. Қомақты қаржы арқылы Түгіскен-Келінтөбе, Жайыл-

ма ауылдары, «Бесарық» бекеті бағыттарында жол орташа жөндеуден өткізілді. Дәл осындай жұмыс Жаңақорған кенті және ауылдық округтердегі 57 көшені жөндеу барысында да жүзеге асты. Ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша Төменарықта 8, Жаманбай батыр ауылында 2 көше жөндеуден өтті.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аудандық бюджеттен барлығы 27,8 млн теңге бөлінді. Оған Жаңарық пен Сунақатада жол жүру қауіпсіздігі белгісі, 10 дана жасанды жол кедергісі орнатылды. Ал Жаңақорған кентіндегі М.Көкенов, А.Нақыпов кешілеріне бағдарламаны орнату, А.Иманов көшесінің жолүсті танбасын

ОЛЖАСЫ ОЗЫҚ ОҢТҮСТІК

заңдылыққа сай қалпына келтіру және кент орталығындағы мектеп айналасындағы жаяу жүргінші өткелін сызуға тиісті қаржы қаралды.

Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету бағытында оң істердің орайы көп. Атап өтерлігі, қазіргі таңда аудандағы барлық 35 елді мекен ауызсумен қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстар «Ақбұлақ» бағдарламасынан бастау алып, «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жалғасын тапты. Қазір ауданда «Сырдария» және «Талап» топтық су құбырларының құрылысы жобасы негізінде көптеген игі іс атқарылууда. Мәселен, аталған жобалар бойынша дарияның шығыс бөлігінде орналасқан 12 (19381 адам) және батыс беткейіндегі 15 (23564 адам) елді мекеннің тұрғындарын таза ауызсумен қамту қарастырылған. Бұл жұмыстар жоспар бойынша жақын арада толық аяқталуы тиіс. Ал «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жаңақорған кентіндегі тұрғын үйлерге су құбырын жеткізу сервистік желісі салу жұмысын аяқтау бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Республикалық бюджет есебінен Төменарық, Сунақата, Екпінді елді мекендеріндегі сумен жабдықтау желісі қайта құрылып және кеңейтілуде. Ендігі кезекте мұндай жобаны Қожамберді, Сүттіқұдық, Жайылма елді мекендерінде қолға алуды көздеп отырмыз. Атап өтерлігі, аталған жобалар жүзеге асқаннан кейін жергілікті тұрғындар толықтай орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылады.

Ауданда елді мекендерді аяқсумен қамту бойынша тиісті жұмыстар атқарылууда. Оған барлық қаржы көзінен 324,4 млн теңге бағытталған. Атап айтқанда, облыстық бюджеттен 2 ауылдық округтегі каналдарды қазу қолға алынды. Сондай-ақ, тиісті қаржы Аққорған, Қожамберді ауылдық округтеріне қарасты «Р-16-3» және «М-2» каналдарын тазартуға бағытталды.

«ҚазСұшар» РМҚ облыстық филиалы есебінен Сунақата, Келінтөбе магистралды каналдары тазаланған. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы арқылы насос қондырғысын сатып алуға қаржы бөлінді. Келешекте Жаманбай батыр ауылдық округіндегі Бесарық және Кенес елді мекендері аяқсумен қамтамасыз етіледі. Ол мақсатта тиісті жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, ведомстводан тыс сараптамадан өткізу үшін тиісті қаржы қаралды. Кейінгі 30 жыл ішінде аудандық бюджет есебінен су арнасын тазалауға қаржы қаралғанын да ескерген жөн.

Алдағы уақытта елді мекендерді газдандыруға кенінен назар аударылады. Себебі, бұған дейін жоба-сметалық құжаттандыру болмай, ауылдарды газдандыру кеш қалып қойған. Бұл мақсатта биыл жоба-сметалық құжаттары дайындалып, сараптамадан өткізіліп жатыр. Нәтижесінде 12 ауыл табиғи газбен қамтылады. Алдымен Бірлік ауылынан басталатын газдандыру ісіне барлық қажеттілік қамдалып отыр.

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларына да тиісті деңгейде мән беріліп келеді. Бұл бағытта «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша биыл тұрғын үй сатып алу мақсатында бөлінген қаржы есебінен 82 маман баспанаға қол жеткізді. Сондай-ақ, мамандарды біржолғы әлеуметтік қолдау шарасына 24 млн теңге бөлінді.

Ауданда осы жылдың 10 айында жалпы экономикалық тұрғыдан алғанда тұрақты жағдай қалыптасты. Айтпа кетерлігі, бірқатар көрсеткіш бойынша осы бар. Мәселен, қаңтар-қазан айында жергілікті бюджет 110,6%-ке орындалды. Болжам 2 млрд 015 млн 839,8 мың теңге болса, орындалғаны – 2 млрд 228 млн 890,3 мың теңге. Оның ішінде салықтық түсімдер 107,3,



салықтық емес түсімдер 180,8%-ке орындалды. Ал, кент және ауылдық округ бюджеттері бойынша кірістер 160 млн 280 мың теңге болып жоспарланса, 10 ай қорытындысымен 167 млн 495 мың теңгеге жетті, яғни, ол 104,5 % орындалған.

– Ауданда өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындар 68,4 млрд теңгенің өнімін өндірді. Ол өткен жылдың 10 айында 65,7 млрд теңгені құраған еді. Рас, өндіріс көлемінің азаюы байқалады. Себебі, ауданда өндірістің 80%-і уран саласына қатысты. Әлемді шарпыған пандемияға байланысты өндіріс көлемі 3 жыл қатарынан төмендеген. Дегенмен тас, әктас өндіру көлемі ұлғайды. Осының арасында көрсеткішті өз деңгейінде ұстауға жол ашылды. Атап айтсақ, 10 айда әктас өндіріс 10 есеге артып, нәтижесінде 20 мың тонна әк өндірілді. Жыл соңына дейін «Қуат» ЖШС-ның қуаттылығы 3 млн блокты құрайтын кіріспі өндіру зауыты өнім шығарады. Ал, «Мелиоратор» ЖШС гиперпрессиялау әдісімен

темір-бетонды құбыр бұйымдарын шығарады. Биылғы жылдың 10 айында өңдеу өнеркәсібінің өнімдері 39 млрд теңгені құрады. Ол былтыр дәл осындай кезеңде 38,7 млрд теңгені шамалаған еді, – деді аудан әкімі.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында биыл ауа райының қолайсыздығына салдарынан мал шаруашылығына түйткілді мәселелер бар екенін атап өткен болатын. Сондықтан бұл бағытта жергілікті аймақтарда жүйелі жұмыстар жүргізу міндеттелді.

Аудан әкімінің айтуынша, бұл жағдай Жаңақорған ауданында да көрініс берген. Дария деңгейі төмендеуі салдарынан мал суаттары тартылып қалды. Егістік пен төрт түліктің судан қалу қаупі жоғары болды.

– Біз осы мақсатта шұғыл шараларды қолға алдық. Барлық елді мекен айналасында орналасқан жайылымдық жерлердегі су көздері зерделенді. Оған қоса қажеттілігіне қарай ұңғыма қазылды. Нәтижесінде судың жетіспеушілігіне жол берілген жок.

«Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Қазір жағдай толықтай тұрақталды. Аграрлық салада еңбек етіп жүрген азаматтар суды үнемдеу бағытында жаңашыл жобаларды қолға алды. Кейінгі жылдарда «Пазылбек қажы» шаруа қожалығы Жаманбай батыр ауылдық округінде бос жатқан жерлерді игеру мақсатында ылғал сақтағыш технологияны пайдалануға мән беріп отыр. Аталған жоба аясында 600 гектарға мақсары егілді. Өнім деңгейі көңіл қоңштерлік. Ал Аққорған ауылдық округіне қарасты Қазакбай аумағында жанадан суармалы жерлер іске қосылды. Онда 50 гектарға көкөніс-бақша дақылдары егілсе, тау беткейіндегі Жайылма ауылдық округіндегі шаруашылық құрылымдары биыл шахталық керіздер (котловандар) қазды. Осылайша су тапшылығы жағдайын ескерген дикандар жерасты суын кәдеге жаратты. Мұндай тың жобаларды алдағы уақытта кенінен насихаттауға көңіл бөлеміз. Бұл аяқсу мәселесінің оңынан шешілуіне жол ашады, – деді Руслан Рүстемов.

Ауданда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту ұдайы назарда тұр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және экспорттық әлеуетті әртарапандыру бағытында да жұмыстар жасалуда. Биылғы жылдың қаңтар-қазан айы бойынша бұл салада өнімдердің жалпы шығарылымы 21,4 млрд теңгені құрады. Ол өткен жылдың дәл осындай кезеңінде 19,6 млрд теңгені шама-лаған еді.

Инвестициялық ахуалдың жақсаруы нәтижесінде 21,6 млрд теңге негізгі капиталға инвестиция тартылды. Бұл жөнінен көрсеткішіміз – 152,6%. Биылғы 1 қарашаға дейінгі мәлімет бойынша құрылыс жұмыстарының (кыз-метінің) көлемі 2,7 млрд теңгеге жетті. Осылайша нақты көлем индексі 105,5% болды. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы – 48387 шаршы метр. Бұл жөнінен де өсім бар. Ол 52500 шаршы метрге орындалады деп күтілуде.

Білім, спорт саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар өз жемісін беруде. Бүгінгі күнге дейін облыс көлемінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында пайдалануға берілген 20 спорт кешенінің 10-ы Жаңақорған ауданының үлесіне тиеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде облыс құрамасында ойын көрсететін жанақорғандық спортшылардың үлесі салмағы артты. Ендігі кезекте елді мекендерді дамыту бағытына назар аударылууда. Ол ауылдағы жастардың бос уақытын тиімді өткізуге жол ашады. Бұл мақсатта аудандық бюджеттен бөлінген 65 млн теңгеге Төменарық, Жайылма, Екпінді, Шалқия, Қосүйеңкі, Кейден, Манап, Келінтөбе, Қыраш, Байкөне, Өзгент, М.Нәлібаев және Сунақата ауылдарында тренажерлік алаңдар пайдалануға берілді. Оған қоса Жаңақорған кентіндегі Әлшәкей, Ы.Алтынсарин көшелеріндегі шағын

«Жол картасын» іске асыру негізгі міндеттің бірі болып отыр. Бұл үшін партияның аудандық филиалының Жол картасы бекітілген. Сол арқылы 2025 жылға дейінгі 7 бағыт бойынша биылға 87 іс-шара көзделген. Бүгінгі күнге дейін олардың басым бөлігі іске асты және орындалу үстінде.

– Мемлекет басшысы әрбір облыс және аудан орталығынан «Бақытты отбасы» орталығын ашу жөнінде тапсырма бергені белгілі. Осыған сәйкес алғашқылар қатарында аталған орталық сәуір айынан өз жұмысын бастады. Орталықтың жұмысын тиісті деңгейде үйлестіру мақсатында аудандық бюджеттен қосымша 5 штаттық бірлік (2 маман, 3 ассистент) бөлінді, қажетті мамандармен қамтамасыз етілді. Онда отбасыларға заңгерлік және психологиялық көмектер көрсетіледі. Сондай-ақ, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың жұмысыз мүшелерін еңбекке орналастыру, оларға кәсіпкерлік негіздерді оқыту, кәсіпін ашуына жәрдемдесу, бизнес-жоспар құру, грант немесе шағын несие алу секілді көмектер беріледі, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін «Кедергісіз орта» қалыптастыру және бұған байланысты барлық нысанды кезек-кезеңімен түгендеу жүргізілуде. Осыған байланысты 232 мекеме айқындалған. Олардың 202-сі толық бейімделсе, 30-да тактильді такталар, сары жолақтар орнатылмаған. 2025 жылға қарай мұндай адамдарды толықтай кедергісіз ортамен қамтамасыз етуге қол жеткізу жоспарланып отыр. Оның ішінде биыл 32 мекеме аталған түйткілді өз деңгейінде шешіп, қол-жетімділіктің интерактивті картасына енгізілді. Жаңақорған кентіндегі 10 жол-көлік бағдаршамының біреуіне синхронды-дыбысты анимациялық қондырғы орнатылды. Оған қоса 8 орынға мүгедек және зағип жандарға арналған жаяу жүргінші өткелінің жол белгісі қойылды. Ауданда мемлекеттік тапсырыс аясында бірінші топтағы мүгедектерге «Инватакси» қызметі көрсетіледі. Бұл үшін 3 автокөлік жұмыс жасаса, оның 1-і мүгедектерді отырғызуға және түсіруге арналған арнайы гидравликалық немесе жылжымалы құрылғымен қамтылған. Онда кресло-арбаны бекітуге арналған құралдар бар.

Ауданда бірқатар мемлекеттік бағдарлама аясында шағын және орта бизнесті дамыту бағытында оң істерге жол ашылды. Олардың орындалу барысына талдау жүргізілді. Бұған дейін аталған бағдарламалар бойынша қаржыландыруға ұсынылған кәсіпкерлік жобалардың басым бөлігі (88%) мал өсіру және бордақылау бағытында жүргізілген. Бұл өз кезегінде экономиканы әртарап-тандыруға кері әсерін тигізуде.

– Осыған орай біз аудандың географиялық орналасуы мен ондағы тұрғындар кәсібінің бейімділігіне қарай зерделеу жүргіздік. Соның нәтижесінде ауданның 2024 жылға дейінгі даму жоспары бекітілді. Мақсатымыз – өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, азық-түлік тауарларын, азық-түлік емес халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамыту, туризм және қызмет көрсету әлеуетін арттыру.

Зерделеу нәтижесіне сәйкес бағдарлама бойынша аудан Сырдария, Қаратау, Орталық деп 3 агломерацияға бөлінді, яғни, Сырдария агломерациясы егін, Қаратау агломерациясы мал өнімдерін өңдеуге бағытталды. Ал, Орталық бөлігі туризм мен қызмет көрсету жұмыстарын негізге алады. Осыған орай алдағы уақытта қаржыландыруға ұсынылған жобаларға келісім беру кезінде бағдарламада қабылданған критерийлер назарға алынады. Алғашқы кезекте аудан дамуына тиісті үлес қосатын жобаларға маңыз беріледі. Ол экономиканы әртарапандыруға оң әсерін тигізеді, – деді Руслан Рүстемов.

Иә, аудан әкімінің айтуынша, ақпараттық-сараптамалық орталықтандырылған деректер қорын қалыптастыру үшін бағдарлама жасалуда. Алдағы жылы ол пилоттық жоба ретінде іске асырылады. Сол арқылы жергілікті атқарушы органдардың деректер қорын біртұтастандыруға жол ашылады. Бұл мәліметтер қорын нақтылау, аудандық бюджеттің қосымша түсімдері көзін айқындау, салықтық әкімшілендіру, салық базасын кеңейту, көлеңкелі экономиканың көлемін азайтуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, азаматтардың міндетті зейнетақы қоры және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырумен қамтылуын арттыруға жол ашады. Одан басқа жұмыссыздықты төмендету, әлеуметтік жәрдемақыға мұқтаж нақты контингент санын анықтау, бюджет қаражатын тиімді әрі үнемді жоспарлауға қол жеткізіледі.

Қысқасы, олжасы озық оңтүстікте берекелі істің бағыты айқын.

Халық қазынасының қайнар көзі

Салық халық қазынасы саналады. Ол – мемлекетпен бірге пайда болды және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі. Адамзат дамуының бүкіл тарихы бойына салық нысандары мен әдістері өзгерді, игерілді, мемлекеттің қажеттіліктері мен сұрау салуларына бейімделді. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі әрқашан салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен қабаттаса жүреді. Отыз жыл бұрын Қазақстан тәуелсіздікке ие болған сәттен бастап, мемлекеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болған салық және кеден салаларын нарық кезеңіне бейімдеу мақсатында үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Бюджеттің кірісін арттыру керек» деп тапсырма бергені белгілі. Бұл тапсырма да кірістер органдарына үлкен міндет жүктейді.

Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орыновпен болған сұхбат осы тақырып төңірегінде өрбіген еді.



– Ғалымжан Қалдықозұлы, тәуелсіздік жылдары барлық сала реформаға ұшырады. Салық жүйесі реформаларын еске салып өтсеңіз...

– Мемлекеттің қуатты болуында салықтың шешуші рөл атқаратыны белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дүниеге келген Салық, Кеден қызметі органдары, бүгінде біріктіріліп, қоғам талабына сай жетілдіріліп, мемлекет мүддесін қорғайтын беделді мемлекеттік органға айналды.

Жалпы салық органының құрылуына Одақтың ыдырау алдындағы КСРО Қаржы министрлігінің 1990 жылғы 12 ақпандағы бұйрығы негіз болды. Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 16 наурыздағы қаулысына сәйкес қабылданған Қаржы министрлігінің 3 мамыр 1990 жылғы «Мемлекеттік салық қызметін құру туралы» бұйрығы және облыстық қаржы басқармасының 12 маусымдағы бұйрығы негізінде қаржы басқармасының, Қызылорда қалалық, аудандық қаржы бөлімдерінің мемлекеттік кірістер бөлімінің ізінде ашылды.

Облыстық мемлекеттік салық инспекциясының басшысы болып С.Аманжолов тағайындалды. Одан соң, 1991 жылы 9 шілдеде Тұңғыш Президенттің «Қазақстан Республикасының салық қызметін құру туралы» Жарлығы негізінде Қазақ КСР Бас салық инспекциясы және оның аумақтық мемлекеттік салық инспекциялары құрылды. 1991 жылы Бас мемлекеттік салық инспекциясының 12 қазандағы бұйрығымен Д.Ыскаков облыс бойынша мемлекеттік салық инспекциясының бастығы болып тағайындалды. Құрылу кезінде облыс бойынша штаттық кестемен саны 140 бірлік белгіленсе, оның 5 бөлімінен тұратын 23 бірлігі облыстық мемлекеттік салық инспекциясында, аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік салық инспекцияларына 117 бірлік бөлініп бекітілген.

2002-2003 жылдары салық органдарында барынша автоматтандыру жүргізіліп, ірі ақпараттық жүйе Қазақстан Республикасының интеграцияланған салық ақпараттық жүйесі (ҚР ИСАЖ), салық есептілігінің электрондық нысандары – ИСИД, ҚҚС, ЭФНО, ведомстволық кадрлар, СГДС, Лука-бюджет, Құжат айналымы бағдарламалары енгізіліп, іске қосылды.

2014 жылы құрылымдық өзгерістерге байланысты бұрынғы салық, кеден органдары және қаржы полициясының экономикалық қылмыстар бойынша атқарылып келген қызметі

біріктіріліп, бір мемлекеттік кірістер органы аясында өз жұмысын бастады. 2019 жылдың наурыз айында экономикалық тергеу қызметі мемлекеттік кірістер органдары құрамынан бөлініп, қаржы мониторинг органына қосылды.

– Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін кеден ісін жүргізу тың дүние болды емес пе?

– Иә, облыстың кеден органдары өз тарихын 1992 жылдан бастап жазды. Кеден комитетінің 1992 жылғы 23 ақпандағы бұйрығымен Шымкент кеденінің «Қызылорда» бекеті құрылып, басшылыққа кеден қызметінің полковнигі Тимур Байхожаев тағайындалып, 1995 жылға дейін қызмет атқарды.

Қаржы министрлігінің 1994 жылғы қаңтардағы «Қазақстан Республикасы кеден мекемелерінің құрылымындағы өзгерістер туралы» бұйрығымен «Қызылорда» кеден бекеті Қаржы министрлігінің облыс бойынша кеден басқармасы, өзгерістерден кейін кедендік бақылау департаменті болып өзгерді. 2014 жылғы Үкіметтің құрылымдық өзгерістеріне байланысты кеден қызметі мемлекеттік кірістер органының құрамына енгізілді.

Салық және кеден саласын біріктіруге негізгі мақсат – қазақстандық тауарлар мен қызметтердің, сонымен қатар еліміздің шекарасынан кірген әрбір тауардың соңғы тұтынушысына сатуына дейінгі аралықтағы барлық қозғалысын, яғни сол тауарға салынатын салықтың толықтығын бақылау.

– Кезінде салық жүктемелері көп болды. Олардың саны қысқарып, орнына кірістің корпоративті салығы енгізілгені өз нәтижесін берді ме?

– Еліміз егемендікке ие болғаннан кейін салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгілеген алғашқы құжат «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Заңға негізделген жаңа салық жүйесі қалыптасты. Осы Заңға сәйкес, 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салық пен алым, 11 жалпыға міндетті жергілікті салық пен алым енгізілді.

Дегенмен, салық санының көптігі, айналымды анықтаудың қиындығы, шектен тыс дәлелсіз берілген салық жеңілдіктері, ставкалардың бірнеше түрлі болуы, халықаралық салық салу негіздерінің тың қалуы және т.б. кемшіліктер жүйені одан әрі реформалау қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты халықаралық

салық салу принциптеріне сәйкестендірілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы 24 сәуірде ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлығы шықты. Енді бұрынғы 42 салық пен алым едәуір қысқартылып, олардың саны 11 болып қалды. Салық заңдарының негізгі кемшіліктері ескеріліп, жетілдірілген, шаруашылық субъектілеріне салықтандырудың тең жағдайы жасалған, жекелеген категорияларға берілген жеңілдіктерді жою арқылы жүктеме жеңілдетілген және Салық кодексі дайындалып, 2001 жылдың 12 маусымында қабылданды. Одан соң нарықтық экономикалық саясатқа сай өзгертілген Салық кодексі 2008 жылы қолданысқа енгізілді. Оған 2018 жылға дейін 16 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Салық төлеушілерді қорғауға, экономиканың маңызды салаларын ынталандыруға, әкімшілік қызметті жеңілдетуге бағытталған жаңа редакцияда жазылған жаңа Кодекс 2018 жылдың қаңтар айынан бастап қолданыста.

Салықтар – кез келген өркениетті мемлекеттердің негізгі кіріс көзі. Әлемнің қандай елі болмасын, барлығында табысқа не пайдаға салық салынады. Жалпы алғанда, пайда дегеніміз – шығыстарды шегергеннен кейінгі табыс, ал табыс – шаруашылық субъектілерінің өз тауарын, қызметін, жұмысын сатқаннан түскен түсімі. 2008 жылы енгізілген жаңа Салық кодексінде жылдық жиынтық табыс пен салықтық шегерістердің құрамы қайта қаралып, дүниежүзілік халықаралық стандартқа сәйкес заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы, яғни корпорациялық табыс салығы деген жаңа термин енгізілді. Жылдық жиынтық табысты қалыптастыру әдістемесі, оны кейін түзету мүмкіндіктері, шығындарды шегеріске жатқызу, сол сияқты табысты анықтау, залалды көшіру құқығы және бюджетке төлеуге жататын салықты есептеу жолдары анықталып, салық ауыртпалығы барынша төмендетілді. Қазір корпоративтік табыс салығы шоғырландырылған бюджет түсімдерінің 16%-н құрайды.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджетке берілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджетке берілді. Содан бері экономикалық белсенділік

төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25% артық түсе бастады» деп бұл жөнінде атап өтті.

– Көлеңкелі экономикамен, жалған кәсіпорындармен күрестегі мемлекеттік кірістер органдарының алар орны қандай?

– Департамент көлеңкелі экономикамен күрес мақсатында арнайы жұмысшы тобын жасақтап, тәуекелі жоғары салық төлеушілерге талдау алгоритмі бекітілген. Тәуекелі жоғары салық төлеушілерді ерте сатыда анықтау үшін тауардың өткізілуі бар, шығу жолы анықталмаған, алынған тауар түрі мен сатылған тауардың түрі сәйкес келмейтін, сатып алғаны аз, алайда, сатылым көлемі көп бағыттарға басты назар аударылады. Биыл 28 салық төлеушінің іс-құжаттары прокуратура мен экономикалық тергеу-тексеру департаментіне процесуалдық шешім қабылдау үшін жолданып, оның сот алдындағы бірыңғай тергеу тізіліміне 14 салық төлеушінің лауазымды тұлғаларына қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 216-бабымен тіркелді.

Біздің бастамамызбен жалған шот жазу белгілері бар екі ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталып, құқық қорғау органдары қылмыстық іс тіркелді. Осының ішінен, 6 жалған кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі жарамсыз деп танылып, 1 кәсіпорынға қатысты талап-арыз сотта қаралуда.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша қалыптасқан сот тәжірибесіне сай ҚР «Әкімшілік құқық

күнделікті жұмыс барысынан тыс қалмайды. Салық төлеушілердің чекті ұруынан бастап, салықтан жалтару мақсатында сенімсіз салық төлеушілермен есеп айырысуларына дейін талданып зерделенеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жеке бақылауда ұстау керек».

– Биылғы жоспардың орындалуы барысы қалай? Жаңа жылды қандай көрсеткіштермен қарсы алу жоспарланып отыр?

– Сыр өңірі мұнай, уран өнімдерін өндірумен қатар, үдемелі индустриялық даму бағдарламасына сай кейінгі жылдары әр салада даму серпіні байқалады. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және тағы басқа салаларда пайдалануға беріліп жатқан нысандар саны өсті. Облыстық әкімдік, құқық қорғау, жергілікті атқарушы, сондай-ақ, уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара бірлесіп атқарған іс-қимылдар нәтижесінде салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдердің болжамын жыл сайын асыра орындауға қол жеткізіп отырмыз.

Облыс әкімі Гүлшара Наушақызы Әбдікалыкованың тікелей тапсырмасымен өңірдің салық салу базасын қалыптастыру және бюджет түсімін ұлғайту мақсатында арнайы Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Бұл жоба аясында мемлекеттік органдар арабында іс-қимыл, мәлімет алмасу тиімділігі артып, жергілікті бюджетке тек осы жылдың 11 айында 1891 салық төлеушіден 1 млрд 69 млн теңге қосымша резерв өндірілді.

Қосымша табыс көзін жан-жақты

тық. Ал, жергілікті бюджет түсімі 64 млрд 818 млн теңге болып құралды, өткен жылмен салыстырғанда өңір қазынасына 12 млрд 670 млн теңге артық қамтамасыз етілді (124,3%). Жалпы облыс бойынша 2021 қаржы жылында департаменттің тиімді жұмыс жасауы нәтижесінде жергілікті бастапқы бекітілген бюджет жоспары 11,2 млрд теңгеге ұлғайтылып, әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін тигізді.

Жылды нәтижелі аяқтау мақсатында департаментте әкімшілендіру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде. Салықтық және кедендік әкімшілендірудің күшейтілуі нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 20,1 млрд теңгенің қосымша кіріс көздері қамтамасыз етілді. Республикалық бюджеттің 82,6 млрд теңге көлеміндегі жоспары 101% орындалады деп күтілуде. Алдын ала бағалауымызша, жергілікті бюджетке 71,5 млрд теңге жоспары орындалуы 100% күтілуде.

«Мемлекеттік қызметтегі әр адам өз жұмысының маңыздылығын сезіне отырып өз елінің патриоты болуы тиіс» деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, біз әрқайсымыз осы аталған берік қағиданы ұстанып, еліміздің өркендеуі жолында аянбай қызмет жасауымыз керек. Күрделі кезеңдерде, бюджеттің тек табысын арттырмай, оның жыл сайынғы өсімін қамтамасыз етуде мемлекеттік кірістер органдарының қол жеткізген жетістіктері Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамбаевтың, ҚР ҚМ Мемлекеттік



бұзушылық туралы» Кодексінің 280-бабын кенінен қолдана басталды. Жыл басынан жалған шот-фактуралар жазғаны үшін 11 салық төлеуші 116 млн теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, аудандарлық экономикалық сотқа жыл басынан мәмілесін жарамсыз етіп тану үшін айналым сомасы 4 млрд 575 млн теңге құрайтын 117 салық төлеушіге қатысты құжаттар жолданып, сот қарауында. Айналым сомасы 494,2 млн теңге құрайтын 39 салық төлеушінің күмәнді электронды шот-фактуралары кері қайтарылды. Осындай алдын алу әрекеті арқылы әділетті салық төлеушілерімізді қорғап отырмыз.

Көлеңкелі экономикамен күрес

іздістіру үшін жергілікті атқарушы және уәкілетті органдар жұмысын жоғары деңгейде үйлестіріп, біздің департаменттің сапалы жұмыс істеуіне жағдай жасап, жаңа технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етуге қолдау көрсеткен облыс әкіміне алғысымызды білдіреміз.

Осы жылдың 11 айында облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік бюджетке 146 млрд 638 млн теңгенің түсімдерін қамтамасыз етіп, тапсырма 118,5% орындалды. Оның ішінде республикалық бюджетке түсірілген салық көлемі 81 млрд 820 млн теңге (орындалуы 135,2%), өткен жылдың осы кезеңінен 15 млрд 457 млн теңгеге ар-

кірістер комитетінің Төрағасы Әли Сапарғалиұлы Алтынбаевтың мақсаты және қарқынды жұмыстарды іскер ұйымдастыра білген кәсіби шеберлігінің нәтижесі деп білемін және сол үшін алғысымызды білдіреміз.

Тарихы тереңде жатқан Ұлы Даланың егеменді ел болып, көк Туын желбіреткен, Өңұранын шарықтатқан, еркіндіктің бастауы – Тәуелсіздік мерекесімен барша облыс тұрғындарын шын жүректен құттықтаймын! Қадамы батыл, қарышты дамыған Мәңгілік еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Кәсіпкерлерді құттықтады

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ ғимаратында салтанатты жиын өтті. Онда аймаққа белгілі кәсіпкерлер мен құрылтайшылар, серіктестік иелері бас қосты.

Іс-шара барысында «Байқоңыр» ӘКК» АҚ төрағасы Ерлан Нұрланбаев өңір дамуына үлес қосып жүрген кәсіпкерлерді мерекелен құттықтап, өз лебізін жеткізді.

– Біз 30 жыл ішінде Қазақстанның өрлеу мен даму дәуіріне куә болдық. Еліміз алмағайып өтпелі кезеңнен барлық қиындықтарды жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді. Республикамыздың осындай биіктерді бағындыруына барлық қазақстандықтар сүбелі үлес

қосып келеді. Олардың қатарында кәсіпкерлік саласындағы азаматтар да бар. Баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін! Мереке құттығы болсын! – деді басқарма төрағасы.

Мұнан соң мереке құрметіне орай Сыр елінің әлеуметтік жағдайын жақсартуда үлес қосып жүрген іскер азаматтар марапатталды. Корпорация төрағасы облыс, қала әкімі және облыс әкімі орынбасарының



атынан, сондай-ақ басқарма тарапынан «Алғыс хат» пен «Құрмет грамотасын» кәсіпкерлерге табыс етті. Сонымен қатар, Президент Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі «ОРДА-Сығанақ» балшықпен емдеу шипажай бірлескен кәсіпорнының директоры Қайрат Есімов пен «Дандыбаев» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Асылбек Дандыбаевқа берілді.

– Бүгінге дейін «Байқоңыр» ӘКК» АҚ арқылы 43 жоба қорғалды. Соның ішінде кейінгі екі жылда 14 жоба облыстың әр ауданында іске асып отыр. Мысалы, мал шаруашылығы бағытындағы түрлі серіктестік, сервистік қызмет көрсету

орталықтары, шұжық пен ет өнімдерін дайындау, жантақ балың шығару сияқты бірлескен жобалар жұмысы жақсы нәтиже беруде. Бізге сенім білдіріп, бірге жұмыс істеуге келген кәсіпкерлерге өз тарапымыздан қаржылай қолдау көрсетіп келеміз. Соның нәтижесінде бірлескен кәсіпорын құрылып, әр сала бойынша өз өнімдері сатылымға шығып үлгерді. Әсіресе, аудан мен облыс орталықтары ұйымдастырған жәрмеңкелерде кәсіпкерлердің тауарлары жергілікті халыққа ұнап отыр, – дейді «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жәнісбек Ахметов.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Қараша айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары Әбдіжәлел Бәкір, Ғабит Тұяқбаев үшеуіміз М.Шокай мұраларын зерттеу мақсатында Грузияның Тбилиси қаласына арнайы ғылыми іссапарға барып қайттық.

Түркістан мұхтарияты құлағаннан кейін Мұстафа Шоқай Кавказда әуелі Әзербайжанда,

ламыз. Кавказ біріккенде, біртұтас ортақмайдан болып, бір күш ретінде әрекет еткенде ғана күшті болады» дейді. Сондықтан да М.Шокай халықтардың ортақ тілегін мынадай сөз тіркесімен білдірді: «Біздің бәріміз үшін де, украиндар үшін де, Ресейден бөлініп, тәуелсіз ұлттық мемлекеттер құруға ұмтылған түрік халықтары үшін де маңызды рөл атқарады. Кавказдың

сынға алады. Тек қазақ, өзбек, т.б. түрік халықтарының ғана емес, бүкіл Кавказ халықтарының бостандығы үшін күреседі, кеңестік Ресейдің екіжүзділік саясатының құпия қырларын ашып көрсетуге күш салады. Газеттің №57 санында басылған «Түркістан туралы шындық» атты мақаласына аштық себептерін жан-жақты талдап көрсетіп, өлкедегі казактардың

«Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

жылғы 20 желтоқсанда «Вольный горец» газетінде жарияланған «Түркістанда басмашылықтың күшеюі» атты мақаласында түркістандық басылымдарға сүйене оты-

құлауы жөнінде «Янги Дунья» газетінде жариялаған мақаласында Кеңес өкіметін «мұхиттың арғы бетіндегі сирек кездесетін сұлу құс» болып көріну мақсатындағы

Топ жарған шәкірттер талабы

Президент Жолдауында: «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жана жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа» деп атап көрсеткен болатын.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз. Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн», – деген болатын.

Бұл міндеттер сырбайлық ұстаздарды жаңа табыстарға жігерлендіре түсті. Заман талабына сай білім беру жолдарын іздестіріп, ғалымдармен ынтымақтаса жұмыс жүргізе бастады. Сондай ұжымдардың бірі – Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат.

Оқу орны 2010 жылы 300 орындық оқу ғимараты мен 240 орындық жатақханасы бар жаңа ғимаратқа көшті. 2017 жылы облыс мектеп-интернатқа Қазақстанның ұлы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына, елінің, жерінің гүлденуіне зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің есімі берілді.

Мектеп-интернат директоры Қарлығаш Ақышева: «Қазіргі таңда мектеп-интернатта 254 оқушыға 48 педагог маман сабақ береді, олардың 5-і үздік педагог, 2-і ғылым кандидаты, 11-і білім магистрі, 4-і шебер, 16-сы зерттеуші, 11-і сарапшы, 8-і модератор, 2-і жоғары санатты, 1-і I санатты, 1-і II санатты мұғалімдер.



Облыстық білім басқармасы басшысы, оқу-әдістемелік орталығы, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы директорлары, «Серіктес директорлар» лигасы мүшелерінің қатысуымен «Пәндік олимпиада: нәтижеге бағытталған оқу» тақырыбында семинар өткізілді. Сонымен қатар odm14.edu.kz мекен-жайы бойынша мектеп-интернаттың ресми сайты іске қосылды.

«Жас дарын» ғылыми қоғамының жұмысы жолға қойылды. Ізденуге бейім оқушылардың мекені болған орталық «Зерттеу шеберханасы» және «Цифрлы олимпиада» базасымен жұмыс жасауда. Ғылыми жоба байқауларынан орын алған оқушылар макеттерінің музейі мен QR код арқылы олимпиада тапсырмаларын шешуге арналған видеолары топтастырылған» – деді. Мектеп басшысының айтуынша, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Б.Жан-молдаевпен ынтымақтаса жұмыс жүргізген соңғы екі жыл табысты болған. Ғалымның мектеп оқушыларын ғылыми жұмысқа бағыттап, пәндік олимпиадаларға дайындаудағы еңбегі ерекше. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткен XIV Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңі ұжым үшін табысты болды. Қорытынды кезеңге Қызылорда облысы бойынша 10 оқушы қатысты, олардың 5-і – осы мектеп-интернат оқушысы. Топ жарған 2 оқушы күміс медаль иегері атанды. Олар – осы мектеп-интернаттың 11-сынып оқушылары Қақпан Нұрлыхан мен Бергенбекұлы Нұрдаулет.

Сонымен қатар, жеңімпаз оқушылар жоғары оқу орындарында оқуға арналған білім беру гранттарын жеңіп алды. Бұл табыс ұжымды жаңа жетістіктерге бастайды.

Алдажар ӘБІЛОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Мұстафа Шоқай эмиграциясының кавказдық кезеңі

кейін 2 жылдай Грузияда болған еді. Себебі оған Әзербайжанға қарағанда Грузиядағы ұлттық үкіметтің әлеуметтік негізі де, саяси ахуалы да тұрақтылау көрінеді. Закавказье Федерациясының ыдырауы нәтижесінде 1918 жылғы 26 мамырда Кутаиси және Тифлис провинциялары, Батуми облысы мен бұрынғы Ресей империясының Сухуми округі кірген Грузияда тәуелсіз демократиялық республика орнаған еді. 1919 жылдың көктемінде Әзербайжаннан Грузияға келген Мұстафаны оның Санкт-Петербург кезінен бері Мемлекеттік думада істес болған грузин қайраткерлері Н.Жордания мен ішкі істер министрі Н.Рамишвили үлкен құрметпен қарсы алады.

Тбилисиде Солтүстік Кавказ азаттық қозғалысының жетекшілері, Версаль конференциясы Жоғарғы комиссары резиденциясының болуы да қолайлы жағдай туғызды. Олар Мұстафаға қолдан келгенше көмектесуге уәде берді. Сонымен Түркістан ұлт-азаттық күресіне жаны аштындар табу жағынан Шоқай үшін Еуропаға барар жолдағы Грузия сәтті қадам болды.

Мұстафа Шоқай кейін «...мені Тифлисте өте жылы қабылдады. Грузия үкіметі сол кездегі жағдайды нақты түсінді және маған қолынан келгеннің бәріне көмектесуге уәде берді. Маған көп нәрсе қажет емес еді. Осының өзі менің Тифлисте қалуым үшін жеткілікті болды» деп жазды. Сонымен қатар көпұлттылығы жағынан Кавказдың Түркістанға ұқсастығы Шоқайға ұнаған болуы керек.

Мұстафа тағдырын әйелі Мария Шоқай да бөлісті. Мұстафа 1919 жылы 1 мамыр күні жары Марияны Тбилиси вокзалынан күтіп алады. Екеуі әуелі бірер апта «Ореан» қонақ үйінде, кейін А. Грибоедов көшесі, 23 үйде 1921 жылдың ақпанына дейін тұрды. Ол туралы Мария Яковлевна өзінің «Менің Мұстафам» атты естелігінде: «Бағымызға орай Тбилисидің бұржуалар тұратын ауданынан шыны террасасы екі бөлме табыла қалды. Бұл тұрған жерден Эльбұрс таулары көрінетін» деп жазды. Үй иесі Балтық жағалауының немісі Людвиг Першке деген кісі төңкерістен кейін ол бөлмелі пәтердің екі бөлмесін Шоқайларға жалға берген екен. Мария Шоқай естелігінде көшелерде алуан түрлі киінген адам көп болғанын, олардың біразы қашқындар екендігі, Грузия өкіметі оларды қамқорлығына алғанын жазған болатын. Мария ән айтудан сабақ береді.

Тбилисиде жүріп Украина азаттық қозғалысының өкілі Красковскиймен бірге «Түркістан және Украина» бірлескен ұлттық орталығын құрып, ақпараттық бюро, орыс және Батыс Еуропа тілдерінде басылымдар ұйымдастыру жөнінде жоспар жасайды. Бұл идеяны грузиндер де қолдайды. Сөйтіп олар «Еркін одақ» атты баспа да құрады, кейін ол ұйымға айналады.

Міне, осылай түркі халықтарының ұлттық егемендігі жолындағы күрескердің «Еуропа ойындары» Кавказдан басталады. Мұстафа Шоқай Кавказға келген соң «Кавказ пактісі» атты очеркін жазған болатын. Бұл мақалада: «Кавказ майданы неғұрлым күшті болса, соғұрлым біз бәріміз және әрқайсымыз жеке-жеке күшті бо-

орыс империализмінің барлық түрлеріне қарсы ортақ күресте екендігі айқын». Бір қызығы, Грузия – Сталиннің шағын отаны еді. М.Шокайдың Кавказға шығуын большевиктер назардан тыс қалдырмады. Соған қарамастан, М.Шокай өмірінің кавказдық кезеңінде де қол қусырып отырмалы, жан-жақпен байланыс орнатып, большевиктердің билігін қулату үдерісіне өзінің көзқарасын баспасөзде белсенді түрде білдіреді.

Мұстафа Шоқай әуелі Солтүстік кавказдықтар шығаратын «Вольные горцы» атты апталық газетінде жұмыс істейді. «Борьба» газетімен шығармашылық байланыс орнатады. 1919 жылдың I қарашасынан бастап Түркістан және Украина Ұлттық орталығының көмегімен орыс тілінде «На рубеже» атты тәуелсіз айлық журнал шығара бастайды. 1920 жылы Мұстафа Ахмет Салиховпен бірге түркістандықтардың ұлттық мүдделерін қорғайтын «Иені Дунья» атты апталық газет шығара бастады. Сол жылы алдымен аптасына бір, кейіннен екі рет шығарылған, негізгі идеясы Түрік ұлт-азаттық күресін қолдайтын «Шефек» газетін шығарады.



«На рубеже» Грузия үкіметінің материалдық көмегі арқылы, түрік тіліндегі «Шефек» Тбилисидегі түрік қоғамының жәрдемімен шығып отырды. «На рубеже» журналында, «Вольные горцы» және басқа газеттерде М.Шокай Аз. Акбер, Аян, Бакинский корреспондент, Б.С., Дау, Даут, Жанай, Жанаев, Желіп, Искандер, К., Кара-Мурза, Кипчак, Кипчак оглы, К.М., М., Мен, Мусульманин, М.Ч., Н., Невольный туркестанец, Туркестанлы, Табынбаев, Тильчи, Салық Нури, Хакимжан, Х., Ю.Х., Юсуф Ходжа, Я деген лақап аттармен мақалалар жариялады. «Вольный горец», «Горцы Кавказа» журналдарында Осман мемлекетіне, армян мәселесіне қатысты мақалалар шығарды.


«Вольный горец» газетінде басылған Мұстафаның мақалаларын талдай отырып, оның негізгі тақырыбы Түркістан тағдыры екенін байқауға болады. «Вольный горец» газетінде жариялаған «Қырғыз кеңес республикасы» деген мақаласында Қазақ Автономиялық Республикасының құрылуы туралы БОАК декретін

көмек береміз деген уәде берген кеңестік саясаттың бейнесі ретінде Қокан мен Гянжада болған қанды қырғын туралы жазды. Орта Азиядағы ең бай Түркістан мемлекетінің ұлттық негізі қаланған, мұсылмандар қаласы болған Қоканда Халық кеңесі және Түркістан Автономиясының уақытша өкіметі ұйымдастырылып, Түркістан құрылтайышылар жиналысының ұраны қабылданса, ол Гянжа қаласында 1918 жылы Әзербайжанның алғашқы Ұлттық кеңесі құрылып, уақытша өкіметі дүниеге келген болатын. Сондай-ақ, Гянжа Кавказдағы түркі халқының басы қосылған, Азербайжан мемлекетінің бесігіне айналған, алғаш революциялық тудың астына жиналған мұсылман қауымы тұрған қала болатын. М.Шокай мақаласында екі қаланы да көтерілісшілерді басамыз деген желеумен тас-талқан еткенін, мұсылмандар үшін қасиетті мекен саналатын мешіттерді қиратқанын, жүзін тіпті өз ерiне де көрсетпейтін мұсылман әйелдері мен қырмызы қыздарына зорлық жасаған орыс әскерлерінің әрекетін жазды. 1920

арқылы Ресейде қалыптасқан жағдай мен өздерінің саяси күресінің мәні мен мақсатын жұртшылыққа түсіндіруді мақсат етіп қояды. «На рубеже» арқылы Грузия үкіметінің Кеңес билігіне қарсы ұлт-азаттық күресін қолдаса, «Шефек» газеті арқылы Анатолияда Мұстафа Кемалдың жетекшілігінде одақтас мемлекеттерге қарсы жүргізіліп жатқан ұлт-азаттық күреске қолдау көрсетті.

«Грузия» газетінің 1920 жылғы 28 сәуірдегі нөмірінде «Мен» деген бүркеншік есіммен жарық көрген «Түркістандағы ұлттық мәселе және ұлтаралық қатынастар» деген мақаласында «Түркістанның ура-большевиктері өлкенің өзін-өзі билеуін туалаық, ниягегородтық мүжыктардың өмір салты мен ғұрыптарын негізінде ұйымдастырды дейді. Осылайша большевиктерге қарсы сөз майданын бастайды, таптық принципті желеу еткен Кеңес өкіметінің саясатына әлем жұртшылығының назарын аударады. Бір ғана орыс демократтарына – эсерлер мен кадеттерге, олардың Бүкілресейлік құрылтай жиналысының салтанат құруы жөніндегі уәделеріне сеніп қалмай, түрік халықтарының ұлттық күресінің әділдігін, олар көріп отырған зорлық-зомбылықтарды, большевиктердің ұлттық саясатының бетпердесін ашып көрсетуге барлық күш-жігерін жұмсайды.

Мұстафа Шоқайдың Грузиядағы шығармашылығының тек Түркістанмен шектелген жоқ. Ол бүкіл Кавказ халықтарының бостандығы үшін күресті алып, кеңестік Ресейдің осындағы екіжүзділік саясатының құпия сырларын ашып көрсетуге күш салды. 1920 жылдың сәуірінде Әзербайжан Республикасының



СЕКІРГЕН ЛАҚТЫ КӨРДІМ ТАУ БАСЫНДА

Секірген лақты көрдім тау басында,
Көруші ем лақ-қозыны мен жасымда,
Балалық еске түсіп ел аңсадым,
Баруға заман ңналғай ел қасына.
Ойнаушы ек балалықта қозы-лақпен,
Құлыншақ, бота, бұзау, бай шалақпен.
Бұ күнде о замандар өтіп кетті,
Ойнымыз қан ағызу жау-жарақпен.
Ойында жыртушы едік көйлек-ыстан,
Ешбір жан демеуші еді пәлен-пыстан.
Ойыннан бұ күндегі қан тамады,
Жер үсті күніренеді жан дауыстан.
Елеусіз деген сөздер: «қанды төкпе»
Бір-бірін құртпай тынбас көңіл өкпе.
Төккен қан бала үшін деп ақталады...
Баланың ата-анадан хақы көп пе?
Боянып қанға туған бала оңбас,
Жаудан болған жауыңыз көлге қонбас.
Дұшмандық сүтпен еніп, қанға сінген,
Боп кетер балаларға ата-мирас.

Мұстафа Шоқайұлы
22 сунбіле. 1919 жыл. Тифлис.

Сағат ТАЙМАН,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт ата университеті «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының жетекшісі

ҚАЗЫБАЙ
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
профессор



«Тағы бір маңызды мәселе бар. Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылдың ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр. 2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін.

Сондықтан, біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек. Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Сыр өңірін зерттеуші, белгілі топырақтанушы ғалым Владимир Боровский 1958-1959 жылдардағы еңбектерінде Сырдарияның мол суы екпіннен тау тастары бұзылып, тілім-тілім жер бедерін тегістегені айтылған. «Бірте-бірте Сырдария атты ойпат шұңқырдың құрастырып, одан асып Арал атты терең ойпат шұңқырдың табанын тегістеп, оны суға толтырып, Арал теңізін жасапты» делінген. Бұл – Сырдария өзенінің тарихи тіршілігі. Осындай орасан екпіннің арқасында қазіргі егістік жерлер құралыпты. Арал теңізін

Табиғат үйлесімді қалайды

уіпсіз атом технологиясын тауып, Ресей арқылы, тағы сондай ізденіс пен сақтығы мол әдіспен қамтылған атом стансасын салуымыздың мәні зор. Сонда жаһандық та, жергілікті де қуаңшылық мәселесі ойдағыдай шешіледі. Табиғат жақсылықты сезіп, келеңсіз факторларды өзі реттейді. Ғылымға жүгінген, оны негізге алған Сыр елі, Қазақстан халқы өзгеріске куә болары сөзсіз. Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында бекітілген талаптарды көп болып қолдап орындасақ, Сырдария қар суымен тұрақты көбейіп, тіршілік отын маздататын кез тез келеді. Арал суы деңгейіне жетіп, көлдер толып, берекелі тірлігі молаяды.

Экологиялық сананы қалыптастыруды балабақша, мектеп және жоғары оқу орындарында үзбей жүргізіп отырғанда ғана жұмыс нәтиже береді. Табиғатты аяласаң, ластамасаң, қиянат жасамасаң, су мезгілсіз тасымалды, орман жаппай өртенбейді, адамдар денсаулығы күшейіп, ауруға қарсы иммунитет тез қалыптасады. Ол үшін тамақтың табиғи болғаны дұрыс.

Сырдария қайда құйып



жасауда Әмударияның да үлесі мол. Әмудария 1970 жылдары Арал теңізіне суын құюды доғарыпты. Сырдарияның суы 1975 жылы сыр беріп, Арал теңізінің тартылуына себеп болыпты. Сол жылы бірінші рет су тапшылығы хабарланды.

Арал суының тартылуы бірден айтылмады. Бірақ балықшылары «Шардара» су қоймасына кете бастаған еді. Сол жолғы су тапшылығы Аралдың тартылуы белгісі еді. Апат 1997 жылдары кемеліне келіп, дүние жүзін дүр сілкіндірді. Бұл бірден болған жоқ, 1970 жылдан басталып 30 жылға созылды. Ол кездері Сырдария суы дәл бүгінгідей тартылған жоқ болатын. Әрине, бүгінгі жағдай Арал қасіретін қозғамай қоймайды. Зардап көретін – тағы Сыр халқы.

Арал теңізінің ғасырлар бойы жиналған құм белестері бар. Оның биіктігі 8-10 метр, ені 40-50 метрден астам, жалдың ұзындығы 200 шақырымнан астам Аралқұм белесі солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Құм төбелер көшкіні қаншама? Егер жел бағыты өзгерсе, сол құм көшкіні Қазақстанның, елді жеріне бірте-бірте аууы мүмкін деген болжам бар. Бұл үлкен қауіп туғызады. Сырдарияның суы көп болса, елге, жерге береке әкеледі, аз болса, бүгінгі жағдайындай қуаңшылықты үдетіп, малды жұтатады. Құм басқан Арал ұлтанының 51 жыл болыпты судан арылғанына.

Арал ұлтанына сексеуіл егуді Қазақстан ғалымдары күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты бастамасымен 1998 жылы Ғ.Мейірманов, Көкшетаудағы орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан В.Каверин, Алматыдағы ботаника институтынан Л.Димеева, Н.Оғарь, география институтынан Н.Будникова экспедиция құрып бастаған болатынбыз. Осы құрылым Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында дү-



ниежүзілік бірінші Арал ұлтанын зерттеуші ғалымдар экспедициясына ұласты. Израиль елінен профессор Арон Айер, Алманиядан профессор Зигмар Брекке, ғалым Вальтер Вухекер қатысты. Он бес жыл жүргізілген зерттеуді қорытып «Особенности формирования растительного покрова на обсохшем дне Аральского моря» деген атпен 117 беттік ғылыми кітап жаздық. Кітапта құрғаған Арал теңізінің ұлтанына өсімдік жамылғысын өсіргендегі ерекшеліктері туралы айтылады. Топырақ тұздылығы жоғары қабатта болғандықтан және оның топырақ кескінінде әртүрлі тереңдікте орналасқандықтан сексеуілдің өскінін сепкіш құралмен екенде, олардың жерініп әрі қарай дамуы осы тұзды қабаттың өскін тамырына ерте кездесуіне байланысты екенін анықтадық.

Өскіндерді егу әдістерін терең зерттедік. Бірінші экспедиция мүшелері қуаңшылық зардабын төмендетуге күш салды. Егу әдістерін таптық.

Енді Арал өңіріне Кіші Арал теңізіне су керек. Ол – Сырдария суы. Сырдария суы арқылы жаралған теңіз және көлдер есте құрғамау керек. Құрғаса қазіргі климат қатаң өзгеріске ұшырайды.

Қуаңшылық – жаһандық мәселе, адамзаттың теріс тірлігінің нәтижесі, климат өзгерісінің салдары. Жаһандық климатты тұрақтандыру, қалпына келтіру үшін түтіндемейтін, бірақ қуатты энергия беретін көзге бүкіл дүние жүзі халқы көшу керек. Ол – атом энергиясының қуаты. Бұл жол қиын, дегенмен, басқа амал жоқ. Біздің жерде уран қоры жеткілікті. Тек жаңа қарған әрі ұтымды, қа-

тұрақталса, ол – сол елдің де өзені. Оның суы Қазақстан жерінде де жұмсалып керек. Су саясатын жүргізгенде, осындай негізді концепцияны ұстанымға алған дұрыс. Әлем – тұтас дүние, бір жерге келген апат бәріне ортақ. Оны реттейтін Біріккен Ұлттар Ұйымы. Сырдария суы көбейсе, оны ешкім ауыздықтай алмайды. Екпінді өзеннің «серкелігін» көтеретін тек Арал акваториясы екенін ұмытпау керек.

Осы айтылған мәселе негізді. Сондықтан, жұртшылыққа көмектесер, ой салар деп, өмірден, ғылыми зерттеулерден алынған жобалардың біразын келтірдім. Табиғатпен санасайық, сонда табиғат жақсылығын адамзатқа аямайды.

Хасый ЖАМАНТИКОВ,
ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы

Кепілдік берілген өтем алу қазақстандық салымшылар үшін қолжетімді бола түсті

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Биыл 25 маусымда лицензиясынан айырылған «Capital Bank Kazakhstan» АҚ салымшыларына агент банк арқылы кепілдік берілген өтем төлеу – банк лицензиясынан айырылған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні өте салысымен басталды. Бұл рекордтық көрсеткіш. Бұған дейін «Tengri Bank» АҚ және «AsiaCredit Bank» (АзияКредит Банк) АҚ салымшыларына өтем төлеу 8 жұмыс күнінен кейін басталған еді.

2020 жылдың 1 қаңтарына дейін лицензиясынан айырылған банк салымшыларына өтем төлеу мерзімі бірнеше айға созылатын. Ал қазір төлемге қабілетсіз банк салымшыларының өтемді қалай алатындығы банк лицензиясынан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күні ішінде шешіледі. Бірақ жоғарыда айтылып өткеніндей, салымшылар өтем ақшаларына бұдан да ерте қол жеткізуде.

1999 жылы құрылған Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (Қор) лицензиясынан айырылған банк салымшыларына өтем төлеуді ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Күні бүгінге дейін 150 мыңнан астам (150 811) жеке салымшыға 113,7 млрд астам теңгеге өтем төленді.

Қор барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған екінші деңгейдегі 9 банктің салымшыларына өтем төлеуді жалғастыруда. Олар: «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Астана Банк» АҚ, «Qazaq Bank» АҚ, «Оксімбанк Қазақстан» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» (АзияКредит Банк) АҚ және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ. Солардың ішінде бірқатар банктердің салымшылары өздеріне тиесілі өтемді алу үшін агент банкке, басқалары тікелей Қорға жүгінеді. Агент банк қызметін атқа-

ратын банктер өтемді Қордың атынан және есебінен төлейді және олардың тізімі kdif.kz сайтында қолжетімді.

2021 жылы кепілдік берілген өтемді төлеуді автоматтандыру тағы бір маңызды шаралардың біріне айналды. Қор кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібін оңайлату аясында Төлемдердің электрондық порталын сынамалы режимде іске қосты. Енді лицензиясынан айырылған барлық банктердің салымшылары төлем алуға өтінішті онлайн түрінде бере алады. Бұл салымшылар үшін төлем алудың анағұрлым ыңғайлы және қауіпсіз тәсілі.

Еске саламыз, өтініш қабылдау мерзімі – кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды. Бұл ретте лицензиясынан айырылған банктердің салымшылары үшін төлем мерзімі – соңғы күнін қоса алғанда 2022 жылдың 1 мамырына дейін болса, олардың ішінде «Capital Bank Kazakhstan» АҚ салымшылары бойынша өтем төлеу мерзімі соңғы күнін қоса алғанда 2022 жылдың 3 шілдесіне дейінгі аралықты қамтиды.

«Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан

Сенім жүтін арқалаған жастар

Биыл отыз жылдық мерейлі межесіне жеткен тәуелсіздік – әу баста ата-баба тілеуінің, өрлігі мен ерлігінің, осы еңсе көтерген елде өмір сүріп жатқан халық бірлігінің жетістігі. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке-дара ел екенін дәлелдеді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар егеменді, зайырлы елге айналды.

Тарих ағымында бұл аз мерзім болғанымен, халық санасында оқиғаға бай, жетпіс жыл бойы қалыптасқан бір құрылымнан екіншісіне өту жолымен, бірінің артынан бірі орын алған үлкен өзгерістер тізбегімен есте қалары сөзсіз. Солардың бірқатары білім беру саласында орын алған еді. Жалпы, бұл жаңа өмір ағымына ілесуге мұқтаждық халық санасын түбегейлі өзгертті.

Сол қиын-қыстау заманда енді мектеп бітіріп, ұядан ұшқан жастарымыз алғашқы сынақтан елмен бірге өтіп жатқан еді. Түлектің бірқатары «қиналып отырымыз, бармай-ақ қойшы» деген ата-ана сөзін жерге тастамай, бірден шаруаға араласып кетті, сөйтіп бірден өмір университетінен өтіп жатты. Енді бірсыпырасы тәуекел етіп, білім жолына аттанды. Кеше ғана өзекті болған, жарқын болашақ сыйлайды деп үміт күтіп жүрген мамандықтар көзден бұл-бұл ұшты. Алғашында бала арманмен таңдап, оқып алған диплом сандық түбінде жатпасына кім кепіл?

Нарықтық экономикаға көшкенде экономист, заңгер мамандықтарының ерекше танымал болуы сол кездегі құрылымдық өзгерістердің алғышарты – құқықтық базаны қалыптастыру болғандықтан да шығар. Қиын таңдау жүгін өз мойнына алып жастарымыз оқу орнына түсіп жатты. Таршылық тауқыметін елмен бірге көрді, оқу мен жұмысты қатар алып жүріп шыңдалды. Сол заманда студент болған аға буын ел басқару ісіне үлес қосып, жаңа даму кезеңін жүзеге асырып жатты.

2000 жылдардағы студенттер айтарлықтай жағымдау кезеңді бастан кешірді. Кеше-



гі студентіміз енді өмірге нық сеніммен қарайтын болды. Мемлекеттік деңгейде білім беру үрдісі нақты жолға қойылды, қандай мамандықтарға сұраныс жоғары екені анықталып, мемлекеттік грант көзбей бастады. Үлкен қалаларға барып оқуға мүмкіндігі жоқ жастарға жол ашылып, жергілікті оқу орындар саны көбейді. Жас маманның нарық талабына сай білім алуына көңіл бөлініп, әлемдік білім алу ресурстарына жол ашылды. Сонымен қатар, дарынды жастарымыз шетелде білім алу мүмкіндігіне ие болды. Ғылым саласы да қайнаған өмір ағымымен ілесе жүрді, талантты жастар ел дамуына, ғылым жағына да үлес қоса бастады.

Тағы он жылды артқа тастап, келесі буын студенттерімен танысайық. Мектеп қабырғасынан заманауи техниканы меңгерген түлектер студенттік өмірге бірден ілесіп, сонымен қатар қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын болды. Жалындаған жастар әлеуметтік, саяси, азаматтық қозғарсын белсенді білдіріп, қоғамдық ұйымдар мен жұмысты қатар алып жүретін болды. Ақпараттық технологиялардың дамуымен кең етек алған бейнебақылау жүйесі оқуға түскенде де, оқып жатқан кезде де паракорлық деңгейін айтарлықтай төмендетті. Сонымен қатар, студент алмасу бағдарламасы арқылы шетелде білім алу мүмкіндігіне ие болған ЖОО саны артты. Студентіміздің өзіне, қоғамға деген сенімі, ел мүддесіне қызмет етуге құлшынысы арта түсті.

Келесі кезеңді пандемия ерекшелендірді. Студенттер ғана емес, оқытушылар да қашықтан оқудың қыр-сырын

меңгеріп, негізгі бағдарламадан тыс қосымша сервистерге де қол жеткізе алатын болды. Ендігі жолы үйден шықпай-ақ отандық және шетелдік ресурстарды кеңінен пайдаланатын болдық.

Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтеріне жүгінсек, болашақта керек 10 дағдының арасында «soft skills» – икемді дағдылар басым болып отыр. Ал бұл дағдыларды тек кәсіпкерлік білім арқылы игеретіндіктен, либералды университет студенттерге мамандық қана емес, сонымен қатар белгілі бір дүниетанымға негізделген өмірлік бағыт береді. Өз мамандығы бойынша кәсіби білім алып шыққан ЖОО түлегіне

сол қабілеттерін кәсіпкерлік біліммен қуаттауына жағдай жасау үшін мемлекет арнайы курстар ұйымдастырады. Мектеп оқымышарынан бастап, зейнеттегі қарияларымызға дейін қосымша білім алып, өз кәсібін жүргізуге мүмкіндік беретін оқу платформалары кеңінен таралып келеді.

Иә, студентіміз әлі де оқумен қатар жұмыс жасап жүр. Бірақ кеше ол жүк тасу, даяшы, күзет қызметтерін ұсына, бүгін орнықты оқуға көбірек уақыт қалдыра отырып, кәсіпкерлік дағдыларын дамытып, жеке қызметтерін ұсынуға, сол арқылы ертеңгі күні мамандығы бойынша сенімді әрекет етуіне мүмкіндік алады.

Кеше тұлғанын мың басы, ақылы, интеллекті бірінші орында еді, ал бүгінде адамды бағалап, бірінші кезекте, оның ішкі дүниесін, рухани ахуалын, адамгершілік қасиеттерін ескереміз. Абайдың «Адам бол» деген рухани қағидасы бүгінде білім игеру жүйесінің басты бағдарына айналып отыр. Осылайша, өз мүдделерін диттеген индивидтер тобы емес, Отанының адал ұлдары мен қыздары, ортақ мақсаттары бар, ата дәстүрі мен заманауи құндылықтарды біріктіре отырып, биік армандарға қол жеткізе алатын жалындаған жастар қауымдастығын қалыптастыру үрдісіне жоғары оқу орындары белсенді атсалысады. Отыз жылда көп жетістікке жеттік. Алар белестеріміз одан да зор екеніне сенімім мол. Кешегі өткен Мағжан атамыз сенгені сияқты, мен де жастарға сенемін.

Ләззат СПАНОВА,
экономика ғылымдарының магистрі,
Қызылорда «Болашақ» университетінің аға оқытушысы

Мемлекеттік қызметкердің мәртебесіне қатысты қоғамда түрлі пікір бар. Оның ішінде полиция қызметкерлерінің кейбір осал тұсы да айқындалып жатады. Көпке күйе жағудан аулақпыз. Алайда, көзге көрінген теріс қылықтар әлеуметтік желіде өріп жүргені ойландырмай қоймайды. Бейәдеп сөйлеу, ішімдік ішкен, пара алған полицияны естісек не көрсек танырқаудан да қалып барамыз. «Ее» деп аз-маз елең етерміз. Болғаны сол. Неге?

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Мәртебең қалай, қазақ полициясы?

Теріс қылықты түзеуге бола ма?

Өткенде қызықты кездесудің куәсі болдық. Қызықты деуіміздің себебі бар. Бұрын-соңды мұндай іс-шараны көрмегендік пе, әйтеуір таңырқдық. Жалпы облыс орталығының полиция қызметкерлерінің ата-аналарымен кездесу өтті. Жалғыз әке-шешесі ғана емес, жұбайлары да осы жиында қара көрсетті.

Мақсаты қандай бұл жиының? Отырысқа жинаған облыстық полиция департаменті бастығының кадр жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Дәурен Ибраев еді. Оның айтуынша, қазір қызметкерлер арасында ішімдікке әуестері де бар. Соның күшімен көлік басқарып, апаттық жағдайға ұрынатындар бар. Есірткі заттарын пайдаланатыны да кездеседі. Пара алу жағында ұятты жағдай да тыйылмай тұр.

Облысқа қызметке келгелі барлық ауданды аралап осылай өз қызметкерлеріміздің ата-анасын жинадым. Мақсат – теріс қылыққа бой алдыруға үйір полиция қызметкерлері жайында ақпар беріп, соның алдын алуды бірге талқылау. Тіпті, биылғы жылдың он айында осындай қызметтік теріс қылықтарымен көзге түскендерді де мысал етіп көрсеттік. Сыйбалас жемқорлыққа қатысы бар, сондай-ақ сотты болғандар жайлы да айттық. Бар ойымыз – полиция қызметкерлерінің осындай теріс әрекеттен өздері алыс болса дейміз ғой. Олардың отбасы мүшелерін жинағанымыз сол. Әр ата-ана немесе жұбайы жұмысқа шыққан баласына не ер-азаматына осындай қателіктерге ұрынбауын ескертсе, көп нәтиже береді. Мұндай жиналыс жасағалы көп уақыт өтпесе де, ішімдік пен солақай келген қаржыдан бас тартқандар баршылық, – дейді Дәурен Ибраев.

Әр полицейдің кем дегенде төрт баласы бар

Бұрын жоғарыда айтқандай теріс қылықтары үшін тәртіптік шара көрілгенмен, қызметтен аластатылған полицияны естімедік. Қатаң сөгіс арқалайды. Болмаса қызметінен төмендетіліп, сол қызметтің басқа саласына ауысып жатады. Ал қазір ше? Ішіп алып, бейәдеп сөйлеген тәртіп сақшыларын қызметтен алу тұқ те емес. «Оз қылығыне сай емес» мұндай тәртіпсіз қызметкердің ертеңгі күні жұмыссыз отырғанын көресің. Ал пара алғандардың жайы одан да қиын. Сотты болады, темір тордың ар жағында жазасын өтейді. Ал оның отбасына келетін қайғыдан бөлек, келтірілген шығынды өтеудің азабын ойлана беріңіз.

– Мысалы, бір ғана Қызылордада үш ай ішінде 5 полиция қызметкері спирттік ішімдік қолданып, көлік басқарды дейікші, – деп сөзін жалғады полковник жиналыста. – Тағы қайталаймын, бұл мысал. Енді қараңыз, біз оларды департамент ішіндегі өзіндік қауіпсіздік басқармасының қызметкерлері арқылы құрықтаймыз. Қызметіне сай еместігі дәлелденіп жұмыстан аластатуға шешім шығады. Осы жерде бізге оңай тимейтін жағдайлар пайда болады. Несін жасырайық, кінәлі қызметкердің кем дегенде 4 баласы болады. Сұраймыз ғой. «Несиен бар ма?» дейміз тағы да. «Бар» дейді басын төмен түжкіртқан күйі. Бірақ өзі мемлекеттік қызметкер бола тұра, мінез-құлқы мен әдепісіз қылығын көрсеткен аламыз кәдімгі ара-шалап алмақсың?! Заң көтермейді бұны. Мысал дедік қой әлгіңде. Сонда 5 полиция осындай теріс қылықпен жұмыстан кетсе, оның артында 20 бала-шағаның жайы не болады? Олар мектепке барады, қосымша ақылы курстарға қатысады. Спорттық секциясы бар. Ал асыраушысы жұмыстан кетсе, сол 20 баланың

«Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттігі пісіп-жетілді. Осыған орай учаскелік инспектордың рөліне баса мән берілетін болады.

Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік берген жөн.

Ол азаматтар алдында танымал, қолжетімді әрі беделді болуға, солардың құқықтарын қорғауға тиіс. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін жұртпен ашық әңгіме жүргізуге үйретудің маңызы зор.

Бұл бағыт кадрларды даярлау және іріктеу жүйесінде басымдыққа айналуы қажет».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан



жеке көлігін жүргізетіні анық. Біздің Өзіндік қауіпсіздік басқармасының қызметкерлері соның кафедең шығып автокөлік басқарған кезінде тоқтатып, оның ішкендігін анықтағаннан кейін, арнайы тәртіптік комиссия отырысында карап, соның шешімі негізінде ішкі істер органдарынан теріс қылықпен шығарылады. Олай етпексе амал жоқ. Оның жоғары жылдамдықпен көлік жүргізіп, алам өміріне қауіп төндіргенін біз күтіп отырмаймыз ғой, – деді полиция полковнигі ендігі сөзінде.

Полиция қызметі өз ішінде жегідей кеулеген осындай дерттен құтылуға тырысып жатыр.

Бір қызғығы, ең жоғары жалақы алатын Қызылорда өңірінің тәртіп сақшылары. Еңбек демалысына шыққанда үш айлық көлемінде еңбекақы алады. Ол бұл ақшаға емделсе ме, курортқа бара ма, үйі соға ма, әрі қарай өз шаруасы болмақ. Сондай-ақ еңбек демалысына өзге өңірлерде 30 күн болса, біздің аймақта 45 күн беріледі. Оның ішінде жұмыс стажы 10 жылдан асқан қызметкерге 5 күн қосылады. 15 жылдық жұмыс өтіліне тағы бес күн, 20 жылдық тәжірибесі бар қызметкерге бес күн қосылып, 45 және 15, барлығы 60 күн демалыс алатындар да бар. Тағы да 9 күн экологиялық жеңілдіктерін қосыңыз. Демек, Қызылорданың полиция қызметкері бұған ренжй алмайды. Тек таза жүрісімен, қызметке адалдығымен танылса болғаны.

Тәртіп пен тиянақтылық сенімге бастайды

Департамент басшының кадр саясаты жөніндегі орынбасары Дәурен Алпысбайұлының жеке қабылдауы күнделікті. Таңғы жұмыс уақыты қалай басталды, кешке дейін қабылдай береді.

Оның айтуынша өзіне келген азаматтардың басым көпшілігі балаларының басқа өңірлерде немесе басқа ауданда қызмет атқарып жүргендерін, соларды туған жерлеріне қызметке ауыстыру мәселелері көрінеді.

Мысалы, Аралдың жігіті Жаңа-қорғанда немесе Қазалының полиция бөлімінде Шиелінің азаматы жұмыс істейді. Бірақ олардың отбасы қалада, не өзі туған ауданда тұрады. Сол себепті қабылдауда болған азаматтардың өтініштерін қанағаттандыру бойынша жұмыс атқарылып жатыр.

Сондай-ақ оның айтуынша, іскерлігі мен қабілеті жоғары қызметкердің шенін көтеруде қиындық жоқ. Басшылық қызметке де тағайындауда сондай. – Сонымен қатар, қызметкерлердің кезекті еңбек демалыстарына уақытылы кестеге сай шығуы, арнайы атақтарын, шендерін уақытылы иеленуі қатаң бақылауға алынып, мерзімдері өткен жағдайда, заңсыздыққа жол берген басшылықтарды тәртіптік жазаға тартуды қолға алдық. Тәртіп пен тиянақты іске табанды түрде бетбұрыс жасау нәтижесін көрсетеді деп білемін, – дейді Дәурен Ибраев.

Сонымен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмысты ашу, айыптыны құрықтау сияқты жұмыстар – бұл алда тұрған негізгі міндет. Ең бастысы, халықтың полицияға деген сенімін арттыру өте маңызды.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастағанын айтып өтті. Әрі оны кезек-кезеңімен ауқымын кеңейтіп, жергілікті биліктің жаңа өзгерістерге дайын болуын, полицияға қолғабыс беру керектігі ашық жеткізілді. Демек, полицияның мәртебесі мен беделін өсіру жолында әлі де тың бастамалар қажеттігі айқын.

БРИФИНГ

АРХИВТЕ 3561 ҚОР САҚТАУЛЫ

Биыл елімізде алғаш рет архившілердің кәсіби мерекесі аталып өтуде. Нақты кезеңде облыстың мемлекеттік архивтерінде 3561 қор, яғни басқару құжаттары, ғылыми-техникалық құжаттар, фото және бейне құжаттар сақтаулы. Ал жыл сайын 15 мыңға жуық құжат архивке енеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «облыстық мемлекеттік архиві» КММ директорының орынбасары Жанат Алтынбаева айтып берді.

– Архив ісі – тарихи-мәдени мұраны сақтау, дамыту және насихаттауда маңызды рөл атқарады. Біз келушілерге архивтік анықтамалар мен құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінділер беру секілді қызмет түрлерін ұсынамыз. Сыр өңірі тарихына қатысты зерттелмеген тың құжаттар Ресей Федерациясының Орынбор, Мәскеу,

Санкт-Петербургтағы мемлекеттік архивтерінде сақталған. Сондай-ақ, еліміздің біртұар азаматтары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қатысты деректер Тәжікстан, Франция, Германия, Түркия елдерінің архивтерінде кездеседі. Осы тарихи жәдігерлерді анықтап, құжаттарды жинақтап, елге қайтару алдағы уақыттың жоспарында, – деді ол.

Ал Қызылорда қалалық архивіне енетін құжаттар үш түрде қайта өңделіп, 17-19 градус температурада ылғалдылығы 55 градустық бөлмеде сақталады.

– Қазіргі таңда қалалық архив қорында 82 мыңнан аса құжат сақтаулы. Осы құжаттардың негізінде азаматтардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстарын орындау біздің міндетіміз болып табылады, – дейді Қызылорда қалалық филиалының басшысы Жұлдыз Байғараева.

«СБ» ақпарат

Заң көмегін тегін алу жолдары

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңының 16-бабына сәйкес, заң көмегінің нысандары өтеулі негізде көрсетілетін заң көмегі, мемлекет кепілдік берген заң көмегі және кешенді әлеуметтік заң көмегі болып бөлінеді.

Өтеулі негізде заң көмегін көрсету дегеніміз – заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт негізінде жеке және заңды тұлғаларға ақылы түрде көрсетілетін заң көмегі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі дегеніміз – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде көрсетілетін заң көмегі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген, атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға көрсетіледі. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілгендерге, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге, жасына байланысты зейнеткерлерге тиесілі көмек. Қарттар мен мүгедектерге арналған

жалпы типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектерге клиентті заң көмегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдай шешілгенге) дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз заң көмегін шартқа сәйкес көрсету – кешенді әлеуметтік заң көмегі.

Заң көмегін өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары, заң консультанттары және заң көмегін көрсетіп жүрген және заң көмегін көрсететін тұлғалардың міндетті мүшелікке негізделген коммерциялық емес ұйымдарында және заң консультанттарының палаталарында тұрмайтын жеке тұлғалар көрсетеді. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы Заңының 26-бабы 2-тармағына сәйкес құқықтық консультация беру, сондай-ақ соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі Қазақстан Республикасының әкім-

шілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаға, Азаматтық процессті заңнамасына және Әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға көрсетіледі. Қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге және алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмекетке толмағандарға арналған осы заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша белгіленген тәртібі бар. Адвокаттар қажет болған жағдайда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №1462 бұйрығымен адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беру, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ тауластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидалары бекітілген.

И.БӘКШЕВА,
Қызылорда облысының әділет департаментінің басшысы

2022 жылғы 1-тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысының орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау К Е С Т Е С І

Мемлекеттік органның атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Бакишева Ирина Джумабаевна	Департамент басшысы	сәрсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден – 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-51 23-10-09
	Оразгелді Ұзақбай	Департамент басшысының орынбасары	сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 15.00-ден – 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-16
	Әлмеш Баукен Серікұлы	Департамент басшысының орынбасары	дүйсенбі күні сағат 15.00-ден – 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-50

Ескерте: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады. Қызылорда облысының Әділет департаментінің сенім телефоны 8 /7242/ 23-10-09

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру

2022 жылы 03 ақпан күні сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Байсын көшесі 7 а мекенжайы бойынша «Шиелі-Жолшы» ЖШС 2022-2031 жылдарға экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін жүргізіледі.

Карантин ұзартылса, бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция байланыс арқылы онлайн режимінде өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=SDBuGUxHaHtiEWk3TTRYZDZBDODZsOT09>

Конференция ID: 546 061 9818

Енгізу коды: S28DqB

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша тапсырыс берушінің телефоны арқылы хабарласуға болады: 87054675015.

«Шиелі-Жолшы» ЖШС e-mail: toosz@mail.ru, тел.: 87054675015. «Сыр-Арал Сараптама» ЖШС Қызылорда қ., Желтоқсан 120, тел/факс: 87242 23-03-06 e-mail: sa-saraptama@mail.ru.

Жобалық құжаттама ЕЭП порталында <https://ecoportal.kz/> және жергілікті атқару органдары сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabigat/activities/directions?lang=ru>.

«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Ескертулер мен ұсыныстар toosz@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады, тел.: 87054675015. e-mail: sa-saraptama@mail.ru; 8(7242) 23-03-06, 8(7242) 60-53-69.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы және облыстық медицина саласының ардагерлер кенесі ҚР-ға белгілі стоматолог дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Төлеуов Қалдан Төлеуұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



АТАДАН МҰРА АЛДАСПАН ЖЫР

Сыр елі – жыр елі. Осынау екі ауыз сөздің астарында ел тарихының едәуір салмағы бар. Кешегі өткен Сыр сұлейлерінің асыл мұрасы сабағы үзілмей бүгінге жетіп, келер ұрпаққа ұласып барады. Осының өзі рухани құндылықтың орны әрдайым асқақ тұратындығының айғағы емес пе?!

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жыр көгінде жасындай ағып өткен сөз өнерінің саңлағы Көшеней Рүстембековтың туғанына 75 жыл толуына орай Н.Бексжанов атындағы казак академиялық драма театрында «Жауһар жырдың жампозы» атты этнокойлым, концерт өтті. Жыр кешінде облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз сөйледі.

— Сонау қазақтың ұлы даласындағы Асан қайғы, Қазтуғандардан қалған жыраулықтың жарқырап келіп қонған жері Сыр бойы екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол асыл өнерді қастерлеп ұстаған Қармақшы топырағының даңқты перзенті Көшеней Рүстембеков есімі қазақпен бірге жасай беретін тарихи тұлғаға айналды. Жыр көшіндегі ізін жалғап, үнін жоғалтпай келе жатқан ұрпақтары барда өз өнердің бағасы асқақтай берсін, — деді Н.Байқадамов.

Дәстүрлі жыр өнеріне кезек келгенде Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Ұлжан Бай-

босынова Жиенбай жыраудың «Жыр бастауымен» ашты. Одан әрі Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Нартай, Тасберген жырау сынды Сыр сұлейлерінің шығармаларын Әділхан Қуанбаев, Ақмарал Ноғайбаева, Руслан Ахметов, Серік Жаксығұлов, Айдоос Рахметов, Шолпан Бімбетова, Майра Сәрсенбаева, Бейсенбек Төлеубаев, Айгерім Ешпаева, Динар Рахман және Көшеней жыраудың немересі Байбол Нұрболұлы орындады.

Жыраудың ұлы Арнұр Көшеней «Көшенейдің соңғы хаты» шығармасын орындап, жыр-аманатын жұртына жеткізді.

Жыр жампозы Көшеней кім болған десек, әріге бармай-ақ өз атасы Жиенбайдың, арғы атасы Дүзбенбеттің дәстүрлі жыр жолындағы дара болмысы, даңғайыр даңқы әлі күнге елдің жадында. Ес білгелі қолынан домбырасы түспеген Дүзбенбет перзенті Жиенбайды жастайынан жырға баулып өсіреді. Ол заманның жыршылары танды



таңға ұрып, бірнеше күн жырлайтын. Осындай алқалы жиындарда айтылған көшелі сөз, көркем дүние ауыздан-ауызға көшіп, сағасын жоғалтпай сарынын үзбей келген. Ел өмірі арқау болған түрлі оқиғалар, аңыз десек те ақиқатқа бергісіз батырлар жыры, ғашықтық дастандары күні бүгінге дейін осылай жеткен. Соның ішінде алпыс екі салалы «Көрұғтылы» тарихи дастанын және Қобыланды батыр жыры Жиенбай жырау жеткізген үлгіде сақталған деседі.

Жиенбай жыраудан бері қарай жырдың көшін ұлы Рүстембек, немересі Көшеней жалғады. Әке тағылымын алған

Көшеней жыршылық өнерді бала жасынан бойына сіңіреді. Жас та болса дауысының қуаттылығымен, өзіндік орындау шеберлігімен жұртты аузына қаратқан.

Кешегі кенес заманында қазақтың сөз өнері барынша сүзгілен өтіп, көптеген қысымға ұшырағаны белгілі. Осы кезеңде Көшеней Рүстембеков сынды өнер саңлақтары жауһар жырдың сабағын жалғап әкетті. Сарыны бөлек саф өнер қазақ даласынан асып, сол уақыттағы одақтың төрі — Мәскеуде ұлт мәдениетінің абыройын асқақтатқан еді. Бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі жыр өнерін

ғылымға енгізіп, сахналық келбетін қалыптастыруға зор еңбек сіңірген. Өкініштісі, өмірден ерте өткен... Өйтсе де асылдың сынығындай ұрпақтары жыр өнерінің сабағын үзбей жалғастырып келеді.

Жыр кешінің қорытынды сәтінде облыстық мәдениет басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов және Қармақшы ауданының әкімі Қайрат Нұртай концертте өнер көрсеткен жыршы-жырауларға алғыс хат табыстады. Ал, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Ұлжан Байбосынова Қармақшы ауданының Құрметті азаматы атанды.

ЕРТЕҢ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ



Аты аңызға айналған Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлы туралы, оның даналығы мен көрегендігі жайлы тек біздің елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде оның көзін көрген, соғыста бірге болған азаматтардың әңгімелері бар. 1944 Жана жылды қарсы алғанда И.Сталин соғыста аса ерлік көрсеткен он бес республиканың өкілдерімен кездесу кешін өткізді. Бұл қабылдауға Қазақстан атынан Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Мұса Сәдібеков қатысқан.

Жауынгер естелігі

Баукеннің қол астында болған облыстық соғыс ардагері Николай Петушенко полк командирі туралы бірнеше эпизодты былайша баяндайды.

— Мен Бауыржан Момышұлының қолынан «Ерлік үшін» медалін алдым. Басқа полкке ауысқанда, өзі басқарған полкін сапқа тұрғызып қойды. Жауынгерлердің омырауларындағы орден-медалдарына назар аударып келе жатты. Барлығында бар екен. Тек менің омырауымда ешқандай награда жоқ. Қарап тұрды да:

— Солдат, сен соғысқан жоқсың ба? — деді.

— Неге соғысқан жоқпын? — деп, қолымды жайып ишарат білдірдім.

Сол кезде Бауыржан: — «Данқ» орденінен кем емес, медаль әкеліңдер! — деп, бұйрық берді. Сол жерде бұйрық шығарды. Табығанды «Ерлік үшін» медалі болды. Сол медалды Бауыржан өз қолымен кеудеме тақты, — дейді соғыс ардагері Н.Петушенко.

Өз басынан өткен бір жағдайды былайша баяндайды:



Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Жан сұлулығының сәулесі

Бөлем Қуаныш Жәрімбетов – облыс шаруашылығына еңбегі сіңген, әсіресе су шаруашылығының дамуына өзіндік үлес қосқан үлкен маман.

Шешелеріміз үш ағайынды болған. Үшеуі де қыз. Үлкені — Талжан апам ажарлы, сұлу адам еді. Ер адамға бергісіз қайратты, сөйлесе аузынан, істесе қолынан келетін өр мінезді әйел болатын. Жаратылысы ірі денелі, мінезі ашық, бауырмал. Талжан апам ақ тісін ақситып күлгенде жан-жағына сәуле шашқандай әдемі де әсерлі көрінетін. Өте балажан еді. Талжан апамның қайраттылығы жөнінде ел ішінде күні бүгінге дейін түрлі аңыздар мен әңгімелер айтылып келеді.

Ортаншысы — менің анам Қаншайым да бөкене бойлығына қарамастан барынша қайратты адам болатын. Анамның жиі айтатын әңгімесі «қиылдамай бос отырсаң, ауырып қаламға» саятын. Бала-шаға, үй шаруасы, күйеуі мен екі енесінің бабын табу — барлығына үлгіретін анамыз балаларын да еңбек етуге, еңбекпен өсуге тәрбиеледі.

Кеніш апам — Қуаныштың шешесі, үш қыздың кішісі еді. Бұл кісі де ірі денелі, сұсты, қайратты адам болатын. Үнемі қабағын түйіп жүретін Кеніш апам кейде күлсе, жаз шыққандай айналасының бәрі жадырап сала беретін.

Бұл анамызға ортақ бір қасиет олардың аса қайраттылығы болса, бұлардың әкелері ағайынды Жүрген, Тұлпар атты аталарымыз ел ішінде аттары аңызға айналып кеткен аса қайратты азаматтар болыпты. Бір ғажайып, Жүргеннен де, Тұлпардан да үш қыздан перзенттер дүниеге келген.

Бала кезімде ауыл ақсақалы Шортанбайдан нағашы аталарым туралы көп әңгіме естием. Сол заманда ауыл жігіттері ише таласып төбелеседі екен. Сондайда Жүрген мен Тұлпарға 40 жігіттің әлі келмей, ағайынды екеуі қарсы келгендерді сұлап тастап, іші жақсы өскен аймақты ешкімге бермейтін көрінді. Міне, біздің марқұм аналарымыз бен нағашы аталарымыз осындай жандар болған.

Қуаныш Жәрімбетов 1951

жылы 25 желтоқсанда Қаза-лы ауданының қазіргі Қашақбай Пірімов атындағы ауылда дүниеге келген. 1968 жылы осы ауылдағы орта мектепті бітіргеннен кейін, Жамбыл қаласындағы гидромелиоративтік құрылыс институтының студенті атанады. Институттан соң Қызылорда облысының су шаруашылығы басқармасына инженер болып қызметке орналасады. Ал, 1976 жылы Қ.Жәрімбетов Қызылорда облысы су шаруашылығы тресіне инженер болып қызмет ауыстырады. Осы треске қарасты ПМК-24 мекемесінде прораб, бөлім бастығы, бас инженер қызметтерін атқарды. 1994 жылдан 2015 жылға дейін ПМК-24 мекемесінің бастығы болып қызмет атқарып, зейнетке шықты.

Қуаныш Жәрімбетұлы облыстың елді мекендерін ауыз-сумен қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша: «Арал», «Сарбұлақ» топтық су құбырының елді мекендерге жеткізу, Аманөткел, Бөген, Жана-құрылыс елді мекендеріне су құбырлары мен су айдауын насостар орнату, Жалағаш ауданының Тас бөзек кентіне, Қызылорда қаласының шет аймақтарындағы ауылдарға су жүйелерін тарту мен тас жолдар салу, облыстағы ірі магистральдық каналдар мен коллекторларды тазалау жұмыстары, облыс аумағындағы бетон көпірлерді, қосымша құрылыстар салу — бұлардың барлығы Қуаныш Жәрімбетов басқарған ПМК-24 мекемесінің абыройымен атқарған жұмыстары еді.

Қуаныш Жәрімбетов — атакты гидротехник, сушы, «Қызылорда облысының құрметті азаматы» Ержігіт Бозғұловтың шәкірттерінің бірі. Реті келгенде айта кетейін, аруағынан айналайын Ераған көзі тірісінде көп азаматтарға аға бола алған адам еді.

Қуаныш Жәрімбетов, Дәулет Жолманов және мен үшеуіміз Ерекеннің жанында көп



жүрдік. Оның ақыл-өсіетін көп тыңдадық. Өмірден көргені көп Ерағанмен айтқандары күні кешегідей жадымызда жаңғырып тұр. Ерекен Қуанышқа ішіміздегі үлкеніміз болғасын да тапсырмалар беріп, ағайын-туыстың шаруаларына, қуаныш-ренішіне жиі араласып тұруды міндеттеп, айтып отыратын. Ақсақалдықтың үлгісін біз осылайша Ерекеннен көргенбіз.

Қуаныш пен жары Ақмарал — қазір 1 ұл, 2 қыздан 6 немере 1 шөбере күйіп отырған бақытты отбасының, шаттыққа толы шаңырақтың иелері.

Адам баласына көп нәрсе керек емес. Бала-шағасы аман болып, солардың қызығына тоймай өмір өткізуден артық не бар?! Қуаныш пен Ақмаралдың тіршіліктері осыны ойлатады. Өмірден өз орнында тауып, ұрпақ өсіріп, тамырлай түсу, көтеріп-көктеу дегенімздің үлгісі — Қуаныш пен Ақмаралдың орнықты отбасы. Тұйықтау, көп сөйлемейтін әр істі ақылмен атқаратын Кукенке жақсы жар Ақмаралдың жолыққанына қуанамын. Бірі ашу айта, екіншісі басу айта алған ерлі-зайыптылар аталық-әжелік ғұмырларын сән-салтанатпен жақсы өткізуде. Есімде жас кездерінде екеуі де сұлу болатын. Асылы, тәні сұлу адамдардың жандары да сұлу болатын сияқты.

Бағдат КӨРІБОЗҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ!

Қазақ әдебиеті сынды телегей теңіздің кең арналы бастауларының бірі — Сыр бойындағы ақындық мектеп. Өзіндік сипатымен ерекшеленетін Сыр сұлейлері негізін қалаған осы мектептің көрнекті өкілі — Балқы Базар жырау. Алдағы 2022 жылы облыста 180 жылдық мерейлі мерекесі аталып өтетін Балқы Базар мұрасы — ұлттық әдебиеттің аса құнды қазынасы. Мағжан Жұмабаев «Базар жырау» деп аталған мақаласында: «...Оның жалынды жастығы болған. Оның да іздеген бағыты болған. Жете алмаған, қажыған. Жеңім деген, алданған... Осыларды жырлайды Базар. Бірақ шерлі елдің шын баласы ғой Базар. Өз шерін толған отырып, елдің шеріне түсіп кетеді», — дейді. Мағжанның осы аз ғана сөзі Базар жырау шығармаларының терең сырын ақтарғандай.

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУ

Ақын шығармашылығына байланысты Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, тағы басқа ғалымдар ғылыми мақалалар жазды, ғылыми пікір білдірді. Әдебиеттанушы ғалым Серікбай Қосан Балқы Базардың өмірі мен шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғады, монография шығарды. Бұл Сыр сұлейінің шығармашылығы толық зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек.

Жақында «Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты әдеби зерттеу еңбегі қолымызға тиді. Авторлары — филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы мен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлзира Оралова.

Монографияда Базар жыраудың толғаулары мен дастандарының тектік табиғаты мен жанрлық сипаты жан-жақты қарастырылған. Авторлар Базар жырау толғауларын ой, сыр, арнау және ақындық толғаулар деп топтастырып, олардың әрқайсысына мысалдар келтіре отырып, толғаулардың жанрлық сипаты мен табиғатын ашады.

Жалпы, жанртану мәселесі — әдебиеттанудың өзекті проблемаларының бірі. Лирикалық поэзияны жанрлық классификациялауға байланысты ғалымдар арасында әлі де сан қырлы ой-тұжырымдар болса, дәстүрлі поэзияға байланысты ғылыми пікірлердің болуы заңды. Монографияда авторлар толғау жанры, оның жанрлық ерекшелігі туралы тың ой білдіре алған. Зерттеу еңбегінің жаңашылдығы да осында деп ойлаймыз.

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Серікбай Қосан «Балқы Базар жырау» атты монографиясында: «Ең алдымен аңғарғанмыз, Базар жырау толғауларының басым көпшілігі белгілі бір кісіге, не басқа нысанға арналып айтылған. Ал мұндай арнауларды жырау жоқтау, мақтау, көңіл айту, қоштасу, шағыну, сынау, сөгу түрінде әрқилы адамдарға және әрқилы себептерге байланысты шығарған. Арнаудың бұл түрлері халық әдебиетінде ертеден келе жатқан құбылыс. Сонымен қатар, Базар толғауларын «өртөлғау» (ерлік, намыс, елдік), «шертөлғау» (қайғы, мұң, реніш), «кертөлғау» (өткен дәуірді, заманды ансау), «төртөлғау» (ақсүйектерді, тектілерді мақтау) деп жіктеу де халық дәстүрінен тысқары емес. Бұдан өзге жырау толғауларының едәуір бөлігін үлгі-өсиет жырлары құрайды. Сондай-ақ Базардың Қазтуған, Махамбетше келетін «мендік» толғаулары кездеседі. Ал

оның 4 бұйынды ғазалдарын, яғни қара өлең үлгісіндегі туындыларын ақындық толғау деп атаған дәлізі», — дейді.

«Базар жыраудың әдеби мұрасы» монографиясының авторлары С.Қосанның Базар жырау толғауларына жасаған классификациясын толғаулық поэзияның тарихы мен теориясы үшін жаңалықты, соны фактор болғанын атай отырып, өздерінің зерттеуінде осы аталған түрлерге Базар жырау толғауларынан мысалдар келтіріп, нақтылай түседі. Базар жырау толғауларының әрқайсысына жанрлық тұрғыдан сипаттамалар жасайды, анықтамалар береді.

«Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты монографияда қазақ толғау үлгілі поэзиясының тарихы мен теориясына қатысты толымды, тұжырымды ойлар жетерлік. Солардың бірінде «Толғаудың синкретті жанрлық түр ретінде лирикалық поэзияның жанрлық түрлерінің бірнешеуінің жүрген бір өзі аркалап келгені туралы қазақ әдебиеттануында бұрыннан айтылып жүрсе, осы шындыққа Базар жырау арнаулары арқылы анық көз жеткізуге болады. Бұның өзі XIX ғасырдағы тарихи әдебиет үлгісі «Толғауларымыздың жазба, көсібі әдебиетке толық алғышарт бола аларықтай болғанын көрсетеді. Жалпы, әдебиетіміздің қай дәуіріндегі, кезеңіндегі болмасын лирикалық поэзияны қазақ толғауларыныңсыз бөліп алып қарастыру, зерттеу дұрыс бола бермейді. Керісінше, қазақ поэзиясының туып, қалыптасуы, дамуы деген мәселелерде толғау үлгілі поэзиямызды негіз, алғышарт, ағысты арна тұрғысынан әлі де болса зерттеп-зерделей түскеніміз абзал», — деп терең ой, толымды пікір айта алған.

Қысқасы «Базар жыраудың әдеби мұрасы» атты монография — толғау үлгілі поэзиямыздың қыр-сырларына қанықтыра түскен, Сыр сұлейлерінің саңлағы Базар жыраудың мұрасын тақырыптық, жанрлық және көркемдік тұрғыдан жан-жақты ашқан толымды ғылыми зерттеу.

Ғабит ТҰЯҚБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Педагогика ғылымдар академиясының академигі